Екіншіден, прагматизм. Қанымызға сіңген, көптеген туа біткен дағдыларымызды және әбден сіңіп кеткен қағидаларымызды өзгертпегенімізше, біздің толық нәтижелі жаңғыруымыз мүмкін емес. Прагматизм - өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдыққа, кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі - орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, біз ұстамды, қанағатшыл, қарапайым, үнемшіл және барлық нәрсені орынды пайдалануымыз арқылы көргенділігімізді тектілігімізді көрсетеміз. Алға қойған мақсаттарымызға жету үшін, сапалы білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге үстемдік бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану - мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Енді бізге белгілі, түсінікті және болашаққа нақты қойылған бағдарлар керек. Адамның да, тұтас бүкіл ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың ең жоғары деңгейіне апарды. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама- шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, прагматизм мен реализм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды [2].

Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті сақтау. Кез-келген халықтың рухани деңгейі арқылы ұлттық бірегейлігі көрініп, жүзеге асып отырады. Әрине, бұл жүйелеуде ұлттық тәрбиеміз, діни сауаттылық, тарихымыз, интеллектуалдық қызметтер, мәдениетіміз, өнер, білім, еңбекқорлық секілді мәселелердің міндетті түрде бірге жүретіні анық.

Ұлттық бірегейлігіміздің негізгі белгілері: ұлттық дәстүріміз, ұлттық тәрбиеміз, діннің таза күйінде сақталуы, тарихымыз, тарихқа деген құрметіміз, ұлттық өнеріміз, туысқандық дәстүріміз, қоғамда, отбасында ұлттық құндылықтарымызды сақтауымыз, заман талабына сай икемділігіміз, білімділігіміз.

Ата- бабаларымызда:«Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген нақыл сөздер бар. Бұл сөздер ұлтты біріктіру, ұлттық бірегейлікке, елдік пен ауызбіршілікке үндейді. Себебі, ұлттық бірегейліктің түп-тамыры әрбір отбасындағы ұлттық дәстүрден бастау алады. Әрине, жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты жоғалтпай, бабадан балаға мирас болып жалғасқан ата дәстүрді ұмытпаған жөн деп ойлаймыз [2].

«ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде деген сұраққа жауап берер болсақ, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептеуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды немесе болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында.

Ұлттық код дегеніміз не?- Ұлттық код немесе ақпар дегеніміз қазақи қалыпымыз, ұлттық мәдениетіміз, салт-дәстүріміз және ұлттық болмысымыз.«Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды», – дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Адаспау үшін қазаққа қажетті табиғи болмысты сақтай білу керек. Өркениет көшінен де қалып қалуға болмайды. Өркениет көшіне ілесе отырып, қанымыздағы бар қасиеттерді қайта түлетуіміз жаңғыртуымыз керек . Ұлттық кодымыз қайда? Ұлттық кодымыз – ең алдымен тілімізде, сосын дәстүріміз бен салтымызда, мінезімізді айқын көрсететін ділімізде, ұлттық мәдениетімізде екенін ұмытпайық және ұлттық кодымызды сақтайық [2].

Төртіншіден, білімнің салтанат құруы. Білім қазіргі заманғы қоғамда ең басты негізгі құндылықтардың бірі болып табылады, уақыттың талабы жоғары білімді, бәсекеге қабілетті тұлға болып табылады. Мұнда жастардың және мемлекет мүдделерінің сәйкес келуі байқалады, себебі тек білімді ұлт қана болашақта қоғамда туындап жатқан мәселелерді табысты шеше алады [3].

Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады және бәсекелестікке сай сол қызмет түрін көрсетуге ұмтылады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Ең бастысы –біздің бағыт- бағдарымыз анық, жолымыз жарқын, келешегіміз шуақты және айқын.

Бесіншіден, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. «Неліктен кейбір қоғамдарда прогрессивті өзгерістер жылдам әрі қарқынды өсуде, ал басқалары сол өзгереген экономикалық, саяси және рухани деңгейде тұрып қалды?»деген сұраққа беру үшін тарихи деректерге сүйену қажет. Адамзат үнемі экономиканы және қоғамның дамуын тездетуге тырысқан. Бірақ оған әртүрлі елдерде әртүрлі тәсілдермен қол жеткізіп отырған, біреуілері жаулап алу соғысы арқылы қол жеткізген болса, кей біреулер қоғам мен шаруашылықты қалыптастыруға бағытталған прогрессивті реформалар жүргізіп отырған. Адамзаттың даму тарихына қарасақ қоғамның дамуының екі жолы анықталған: революциялық және эволюциялық жолдар.

Эволюциялық жол («эволюция» латын тілінен «өрістету») – қоғам алдында бейбітшілік түрде күштеусіз қалыптасу жолы, «уақыт өткеннен кейін» серпіліссіз және талпыныссыз, яғни прогрестің негізгі бағыттарына қол жеткізу және оларды барынша қолдауға, басқа мемлекеттердің озық тәжірибесін тез қабылдауға көмектесу.

Революциялық жолдың жақтаушылары игілікті мақсатпен, «жарқын

болашақ» үшін барлық тәсілдер зорлық-зомбылықты қоса есептегенде жақсы деп санады. Сонымен бірге, олардың көзқарасы мен сенімі бойынша прогресс жолында тұрған барлық нәрсе дереу алынып, жойылуы керек болды [3].

Революция (кейінгі латын терминінен «бетбұрыс», «төңкеріс», «біртіндеп серпіліс») - бұл жүйенің дамуындағы екі эволюциялық кезеңнің арасындағы байланыстырушы жүйенің ішкі құрылымындағы өзгеріс, іргелі сапалық өзгеріс немесе секіріс. Реформа эволюцияның бір бөлігі болып табылады. Осылайша, эволюция және революция әлеуметтік және тарихи дамудың қажетті компоненттері болып, қарама-қайшылық бірлігін қалыптастырады. Әдетте эволюция сандық, ал революция сапалы өзгерістер ретінде саналады.

XX ғасыр Қазақстанға біршама жағымды жақсы өзгерістерімен өтті. Ең маңызды қадамымыз біз тәуелсіздігімізді алдық. Қазақстанның өркендеуінің нышаны – Астана қаласы тәуелсіз еліміздің басты қаласы болды. Біз қоғамда бірлік, бейбітшілік пен келісімді сақтай аламыз және соны сақтап қалу үшін барлық күш жігерімізді жұмсаймыз. Біз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірдік және біздің экономикалық, саяси және әлеуметтік бағдарламаларымыз Қазақстанды 30 дамыған елдердің қатарында алға жылжытуға бағытталған [4].

Алтыншыдан, сананың ашықтығы. Көптеген қиындықтар әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана- сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жаппай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл - жаһандық әлемге, дүниежүзіне еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарттарының бірі болып табылады. Бірақ, бұл басты мәселе емес. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді: 1) ол бүкіл әлемде, бүткіл жер

бетінде өзіңе қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді; 2) ол жаңа технологиялар заманында өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді және өзгеріпте жатыр; 3) бұл - өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Сананы ашу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл - табыстың кілті, әрі ашық сананың басты көрсеткіштерінің бірі. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, ештеңені білмей баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын, қандай өзгерістер болып жатқанын көре алмайды және түсінбейді [4].

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында таяу жылдарда орындалатын міндеттер тізімі ұсынылды. 1) Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау керектігі айтылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан- 2050» Стратегиясында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігі жөнінде сөз айтты. Яғни, 2025 жылға қарай латын әліпбиіне іс қағаздар, мерзімді баспасөздер, оқулықтар, бәріде латын әліпбиіне басып шығара басталады деген сөз. Ол кезеңде таяп қалды, сондықтан біз уақытымызды жоғалтпай, бұл жұмысты осы бастан дұрыстап қолға алып, дайындық жұмыстарын бастапта кеткеніміз рас. Латыншаға көшудің терең логикасы бар, бұл дегеніміз кәзіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты болып отырғаны барлығымызда түсініп отырмыз.

2) Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды. Оның мәні мынадай: біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасай аламыз. Біз бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз? Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім беруді бастаймыз және бастапта кеттік. Бұл білім саласындағы бүкіл дүниежүзілік бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз.

3) Туған жердей жер болмас...Қазақ «Туған жерге туыңды тік»деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Осылайша сіз өзіңіздің туған жеріңізге деген сүйіспеншіліктің жоғары сезімін біле аласыз. Ұлтты рухани жаңғыртудың келесі бір жобасы – туған жерге деген сүйіспеншілік. Елбасы: «Бағдарламаны неге «Туған жер» деп атады?» деген сұраққа жауап ретінде адам баласы – шексіз сананың ғана емес, ғажайып сезімнің иесі, туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті туған мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі деп жауап береміз. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп мәпелеп өтпейтін жан баласы жоқ. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша бар ынтасымен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі деп есептеледі.

4) Әрбір адамзат баласы өзінің туған жерін құрметтемей тұра алмайды. Тіпті алыс сапарға шыққанда, адамның туған жерге деген сағынышы ерекше болады. Ол сағыныш сезімі, елге жерге деген сезімі.

Туған жердің әрбір сайы мен қыры, тауы мен өзені тұнған тарих екенін Елбасы айқындап беріп отыр. «Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс»- дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев жолдауында.

Әрбір жас баланың санасында отансүйгіштік қасиеті дамыса, туған жерін қадірлеуді ұғынса нұр үстіне нұр. Өзге аймақта өмір сүрсе де, өзі туып-өскен мекенді құрметтеп, жиі барып тұратын азаматтар да жетерлік. Олар қасиетті мекеніне үзбей қамқорлық көрсетіп келеді. Елбасының осы орайда былай деген: «Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім,

ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек».

«Туған жер» бағдарламасы өз кезегінде еліміздің әрбір аймағында өткеннен сыр шертетін көне ғимараттар мен тарихи ескерткіштерді, мәдени мұраларды қалпына келтіруді, өңірлерде өлкетану, экологиялық тазарту жұмыстарын жүргізуді, ауыл-аймақты абаттандыруды басты мақсат етіп отыр [5].

5) Заманауі әлемдегі бәсекелік қабілет- мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауі қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз.

Бұл жоба нені көздейді? - Бұл жоба отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі- ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт, бұл біріншіден. Екіншіден, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауі мәдениет болуға тиіс. Үшіншіден, мәдени қазыналарымызды әлемге таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керектігі. Осы жобаларды жүзеге асыру барысында, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады деп сенімдіміз.

6) Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй білеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Сол себепті Елбасымыз бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынып, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын ұсынды.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы дегеніміз бұл Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауі Қазақстанның келбеті көрініс табады. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы еліміз ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды танып білуі керек [6].

Қорытынды. Қорыта келгенде, бұл жоба елбасымыздың халыққа жасаған өсиеті деп білеміз. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың жолына түсуге арналған жобасында Елбасымыз «Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы бізге дара айқын жол көрсетті деп ойлаймыз. Алда кездесетін қиындықтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар, кең дара жол көрсетті. Сонымен, алға қойған мақсаттан ауытқымай, Елбасы өсіп келе жатқан ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық, біз бұған дайынбыз деп ойлаймыз [7].

Елбасы ұстанымы: «Қазақстан – бір ел, бір халық, бір болашақ». Қазақстанды мекен еткен әрбір ұлт пен ұлыстың да мақсаттары мен мүдделері осыған тоғысуы тиіс деп ойлаймыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жобасында: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек» деген [7].

Жаңа жағдайға қарай бейімделуіміз, жаңғыруымыз, өзгеруіміз және дамуымыз уақыт пен заман талабы. Ең бастысы, табиғи болмысымыз бен ұлттық кодымызды сақтай білсек, ұлттық кодымызды сақтауға бәріміз жұмыла ат салыссақ, салт дәстүрлерімізді сақтай білсек, дістүрлерімізді құрметтеп тек қана алға жүруіміз керек. Елбасының бұл игі бастамасын қолдап-қорғау барша азаматтардың басты борышы дер едік. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ұмтылыс ол біздің дамуымыздың ең басты қағидасы.

Әдебиеттер тізімі

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»-Н.Назарбаев.2019ж.- 120 б.
2. Ұлттық бірегейлікті сақтау./мақала/Syg-media.11.09.2018 .
3. Тәрбиелік іс-шара: алға қойылған мақсатқа жету деңгейінің өлшеу критерийлері (бәсекелік қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау;білімнің салтанат құруы;

Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы») әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 27 б.,34 б.,37б.

4. Рухани жаңғырудың маңызды бір парасы.2019.Б.Қойшыбаев.-35б.

5. Реформаларды түбегейлендіру, жалпы ұлттық келісім арқылы- жаңғырған Қазақстанға/мәтін/Назарбаев.Н.-Алматы:Қазақстан,1994.-6 б.

6. Паридинова Б. Ж. Элеуметтік-гуманитарлық білімнің заманауи қоғамдағы орны // Молодой ученый. — 2016. — №19.2. — С. 32-34. — URL <https://moluch.ru/archive/123/34436/>

7. Әлемдік маңызы бар Рухани жаңғыру жобасы: // Казахстанская правда. Асан М.-Астана, 2018.- 16 сәуір. - 1-2 бет.

Аннотация

В данной статье отражены основные ориентиры духовной модернизации, публикуемые в общенациональном масштабе. Эти направления являются важнейшим основным документом в сфере духовного и образовательного развития, проект национального значения. В статье «Ориентир в будущее: модернизация общественного сознания» четко обозначены и четко обозначены конкретные направления модернизации общественного сознания всех граждан Казахстана, а также очевидно, что эти направления – это важнейшая национальная программа в области духовного и образовательного развития. Как известно, программа, инициированная Главой государства - это важный большой проект на национальном уровне. Данный проект охватывает все сферы жизни общества, в том числе вопросы образования, здоровья и родства. К новым условиям мы стремимся адаптироваться, модернизировать, преобразовать и развиваться. И самое главное, если мы сохраним природное бытие и национальный код, то мы вместе будем сохранять национальный код, уважать традиции и только идти вперед. Стремление к модернизации в новых условиях-это главный принцип нашего развития.

Abstract

This article reflects the main guidelines for spiritual modernization, published on a national scale. These directions are the most important basic document in the sphere of spiritual and educational development, a project of national significance. The article "Orientation to the future: modernization of public consciousness" clearly identifies and clearly identifies specific areas of modernization of public consciousness of all citizens of Kazakhstan, and it is also obvious that these areas are the most important national program in the field of spiritual and educational development. As you know, the program initiated by the Head of state is an important big project at the national level. This project covers all areas of society, including education, health and kinship. We strive to adapt, modernize, transform and develop to new conditions. And most importantly, if we preserve the natural being and the national code, we will together preserve the national code, respect traditions and only go forward. Striving for modernization in new conditions is the main principle of our development.

УДК 378.018.43

Г.Д. Баубекова¹, Н.М. Иргебаева¹, М.И. Акмусаева²

¹д. п. н., профессор, университет «Туран-Астана», Нур-Султан, Казахстан

¹к.п.н., доцент, университет «Туран-Астана», Нур-Султан, Казахстан

²ст.преподаватель, магистер Академия гражданской авиации, Алматы, Казахстан
e-mail:n.irgebaeva@mail.ru

О ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ АСПЕКТАХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье раскрываются некоторые психолого-педагогические аспекты дистанционного обучения студентов. В связи с угрозой распространения коронавирусной инфекции «COVID – 19» система непрерывного образования в Казахстане столкнулась с современным реальным вызовом – быть дома, обучаться по онлайн, беречь себя и близких. Вышеназванные условия потребовали от

образовательных учреждений максимально оперативного, но комфортного перехода на дистанционное образование, которое подходит для обучения дома.

Авторы, считая этот феномен преобладающим среди студенчества и вызывающим серьезные проблемы, особенно при дистанционном обучении, провели исследование среди студентов университета «Туран-Астана» и Академией гражданской авиации г. Алматы. Цель исследования заключалась в определении связи между успеваемостью в учебе, удовлетворенностью (на данном этапе) выбранной специальностью и наличием состояния прокрастинации, а также психологическими особенностями студентов с наличием прокрастинации. Сделан анализ состояния прокрастинации студентов университета и разработаны рекомендации.

Ключевые слова: дистанционное обучение, прокрастинация, глобализация, культурно-ценностные трансформации, педагогические аспекты, психологические аспекты обучения.

Введение

Вхождение человечества в новое информационное сообщество сыграло большую роль в области образования. Необходимо отметить, что в свое время переход от традиционной формы обучения к инновационной, вызывал множество дискуссий и споров. В связи с угрозой распространения коронавирусной инфекции «COVID – 19» система непрерывного образования в Казахстане столкнулась с современным реальным вызовом – быть дома, обучаться по онлайн, беречь себя и близких. Вышеназванные условия потребовали от образовательных учреждений максимально оперативного, но комфортного перехода на дистанционное образование, которое подходит для обучения дома.

Главной задачей педагогического общества Казахстана в это время – стала необходимость сделать дистанционное образовательное пространство интуитивно понятным и похожим на привычное обучение в соответствии с академическим календарём ВУЗа, полностью вовлечь и погрузить студентов в образовательный процесс и дальнейшее самообразование.

Во время пандемии, 167 стран мира и более миллиарда детей перешли на дистанционное обучение. Однако вышеназванный процесс породил множество вопросов как педагогического, так и психологического характера. Актуальность вышеуказанных проблем и определили тему нашей статьи.

Основная часть

Методология нашего исследования обуславливается совокупностью системообразующих фундаментальных понятий, лежащих в основе описания понятий: технология, дистанционное обучение, прокрастинация. В значительной степени основу предопределили идеи в области теории и практики индивидуального обучения и развития (А.Дистерверг, Я.А. Коменский, И.Г. Пестолоцци, Ж.-Ж. Руссо, К.Д.Ушинский и др.), а также социологические, психологические концепции и теории, раскрывающие сущность человека, общества и среды обитания (Б.Л.Астауров, Н.П. Дубинин, С.Л. Рубинштейн, Э.Фромм А.Р. Лурия, и т.д.) [1]. В основу конкретной методологии исследования положены также такие принципы, как сочетание личностного и деятельностного подходов [2]. Ведущей идеей мы определили образовательное развитие личности студента в процессе дистанционного обучения посредством использования учебного и научного сотворчества с преподавателем. Это позволяет транслировать дистанционное обучение в личностный контекст, трансформирует его в процесс субъект - субъектного взаимодействия. В этом плане обучение принимает форму диалогического взаимодействия, включающего в себя новые информационные технологии.

В Республике Казахстан проблемы дистанционного обучения, дидактические и методические аспекты применения информационных технологий исследовались в работах М.Ж.Журинова, Ж.А.Караева, Г.К.Изтлеуовой, С.К.Кунакова, Г.Б.Ахметовой, Е.В.Артыкбаевой, Д.Е.Сагимбаевой, А.И.Тажигуловой, М.А.Винницкой, Д.А. Аубакир и др.

Требования, предъявляемые к современной системе образования, можно кратко сформулировать так:

1. Формирование специалиста, способного творчески подойти к проблемной любой ситуации.

2. Воспитание специалиста, готового к применению не только уже известных моделей и методов решения актуальных задач, но и выработке новых.

3. Формирование личностных этических качеств будущего специалиста – ответственности, профессиональной грамотности, культуры, толерантности и коммуникативности.

4. Формирования способности самостоятельного поиска и обработки первоначальных данных, превращая их в информацию и в знание.

Основная задача преподавателя сводится к поддержанию и направлению развития личности обучаемых, креативному поиску и организации их совместной работы. Таким образом, открывается возможность для творческой деятельности преподавателя.

Мы заметили, что эффективность любого вида дистанционного образования зависит от: 1) эффективного взаимодействия преподавателя и обучаемого; обучающихся – между собой, их сотрудничества в процессе познавательной творческой деятельности; 2) применяемых педагогических технологий; 3) доступности и качества методических материалов;

4) насыщенности обратной связи.

Следует отметить, что эффективность дистанционного образования зависит от уровня мотивации студента, качества его взаимодействия с преподавателем. Многое зависит от соответствия подобранных учебных курсов поставленной цели. Мотивация – важный составляющий компонент дистанционного образования. Она должна поддерживаться на протяжении всего периода обучения. Мотивация быстро снижается, если уровень поставленных задач не соответствует уровню подготовки обучаемого, поэтому задачи обучения должны быть четко и ясно сформулированы в программе.

Учитывая определенную изолированность студентов дистанционно, все материалы необходимо снабжать пояснениями, которые должны восприниматься студентами как позитивные, помогающие ему преодолеть трудности учебного процесса. Важным психолого-педагогическим условием эффективности восприятия информации является сложившееся в настоящий период достаточно высокое доверие к информации, ее содержанию.

Но все вышеизложенное приводит к возникновению и новых психологических проблем. Например, прослеживается то, что дистанционное обучение это еще и умение учиться самостоятельно. Сюда не входят мотивация, целеустремленность, последовательность, настойчивость и т.д. Все это усугубляется наличием очень распространенного явления в нашем обществе (и во всем мире) - состояния прокрастинации, которое особенно характерно для молодежи и, в частности, студенчества.

Педагогам и психологам известно исследование современного явления, которое проводилось раньше - прокрастинация (прокрастина́ция — в психологии склонность к постоянному откладыванию даже важных и срочных дел), которое имеет междисциплинарное значение, так как стоит на грани медицины, психологии, социологии и философии. Результаты исследования, к сожалению, не утешительны. Именно этот феномен превалирует среди студенчества, что и вызывает серьезные проблемы, особенно при дистанционном обучении, где очень важна самоорганизация человека. Было выдвинуто предположение, что - прокрастинация является признаком неразвитых волевых процессов, неумения к самоорганизации, целеустремленности; состояние прокрастинации и успешности являются взаимоисключающими явлениями, что непосредственно связано с нарушениями волевых и мотивационных процессов [3; 4; 5].

Для подтверждения предположений мы с магистрантами в рамках их магистерской диссертации провели исследование среди студентов университета ТАУ. Цель исследования заключалась в определении связи между успеваемостью в учебе, удовлетворенностью (на

данном этапе) выбранной специальностью и наличием состояния прокрастинации, а также психологическими особенностями студентов с наличием прокрастинации.

С помощью экспертных оценок, среднего балла успеваемости была сформирована выборка студентов, с пропорциональным распределением как успешных, активных (то есть заинтересованных студентов), так и пассивных, с проблемами в обучении. Решение о выбранной специальности было самостоятельным (со слов респондентов). В ходе первого этапа исследования была доказана взаимосвязь между успеваемостью в учебе, удовлетворенностью (на данном этапе) выбранной специальностью и уровнем прокрастинации, определены психологические особенности студентов с наличием состояния прокрастинации. К ним относятся: низкая волевая саморегуляция и целеустремленность, отсутствие настойчивости, импульсивность, неуверенность, низкий уровень самоуправления и самопринятия. Это все, что приводит к высокому уровню внутренней конфликтности.

Для того, чтобы подтвердить следующие предположения, в перспективах исследования, были выделены задачи:

- исследовать насколько уменьшение, преодоление состояния прокрастинации и разложения волевых процессов будет являться организатором успешности личности в различных сферах ее жизнедеятельности;
- попытаться разработать психологический способ корректировки состояния хронической прокрастинации.

На втором этапе была разработана и проведена апробация коррекционной программы по развитию волевых процессов и состояний, саморегуляции и самоорганизации, повышению уверенности в себе. Программа имеет комплексный подход и состоит из различных технологий и техник. В коррекционной группе были задействованы студенты, которые показали высокий уровень прокрастинации. После проведения с ними коррекционных занятий, их психологическое состояние улучшилось. Повысилась самоуверенность, самоорганизация.

Успехи преодоления прокрастинации студентами оценивались по следующим критериям: *когнитивному, мотивационно-эмоциональному, деятельностному и ценностному*. В соответствии с этими критериями нами были выявлены уровни преодоления прокрастинации - *высокий, средний и низкий*. Результаты исследования уровней сформированности когнитивного, мотивационно-эмоционального, деятельностного и ценностного критериев прокрастинации студентами в экспериментальной и контрольной группах на контрольном этапе исследования представлены в таблице 1.

Таблица 1 - Степень преодоления прокрастинации студентами в экспериментальной и контрольной группах на контрольном этапе (по критериям)

Критерии		Высокий		Средний		Низкий	
		%	Кол-во чел.	%	Кол-во чел.	%	Кол-во чел.
Когнитивный	ЭГ	32,5	25	48,1	37	19,4	15
	КГ	20	16	30	24	50	40
Мотивационно-эмоциональный	ЭГ	35,1	27	50,6	39	14,3	11
	КГ	21,2	17	33,8	27	45	36
Деятельностный	ЭГ	35	27	49,4	38	15,6	12
	КГ	18,8	15	27,5	22	53,7	43
Ценностный	ЭГ	31,2	24	46,8	36	22	17
	КГ	18,8	15	31,2	25	50	40

Обобщенные результаты исследования уровней преодоления прокрастинации в

экспериментальной и контрольной группах на контрольном этапе исследования представлены в таблице 2.

Таблица 2 - Уровни преодоления прокрастинации в экспериментальной и контрольной группе на контрольном этапе исследования

	Высокий		Средний		Низкий	
	%	Кол-во чел.	%	Кол-во чел.	%	Кол-во чел.
ЭГ	35	27	44,2	34	20,8	16
КГ	21,3	17	32,5	26	46,2	37

Как видно из таблицы, в экспериментальной группе на контрольном этапе исследования доминирует средний уровень преодоления прокрастинации и составляет 44,2% (34 человека) испытуемых, в контрольной группе данный уровень составил 32,5% (26 человек) студентов. Высокий уровень преодоления прокрастинации диагностирован у 35% (27 человек) студентов ЭГ и 21,3% (17 человек) испытуемых КГ. Низкий уровень преодоления прокрастинации выявлен у 20,8% (16 человек) студентов ЭГ и 46,2% (37 человек) испытуемых КГ.

Сравнение групповых результатов преодоления прокрастинации студентами экспериментальной группы на констатирующем и контрольном этапе исследования обобщены на рисунке 1.




Рис. 1. Динамика уровней преодоления прокрастинации в экспериментальной группе

Анализ рисунка позволяет нам сделать следующие выводы: высокий уровень преодоления прокрастинации после проведения формирующего эксперимента повысился с 19,5% до 35% (изменения на 15,5%), средний уровень преодоления прокрастинации повысился с 29,9% до 44,2% (изменения на 14,3%), низкий уровень преодоления прокрастинации снизился с 50,6% до 20,8% (изменения на 29,8%).

Такой комплексный подход, интегрирующий различные технологии, позволит более качественно устранить данную проблему. Несмотря на то, что состояние прокрастинации - это комплексное явление, нами были разработаны рекомендации для самотерапии, которую студенты должны были выполнять самостоятельно, и через определенный срок, снова возвращаться к этим упражнениям, воспитывая в себе самоорганизующиеся качества. Выполняя эти упражнения, личность учится полагаться на себя, планировать и структурировать свое время, отвлекаться, концентрировать внимание, подходить к делам более сознательно, ответственно.

Психологическая помощь влияет на состояние прокрастинации, позволяя корректировать его, что должно существенно улучшить показатели общего обучения студентов, особенно при дистанционном обучении.

Доказано, что это больше психологическая проблема, которую можно оформить психологическими методами. Показана эффективность краткосрочной психотерапии совместно с самотерапией для улучшения самоорганизации студенчества, структурирования своего времени, что особенно важно при дистанционном обучении. Результаты этого исследования рекомендуются внедрять в учебно-воспитательный процесс учебных заведений, где предусмотрены самостоятельная и дистанционная формы обучения в виде факультативных семинаров, психолого-просветительской работы и предоставление рекомендаций и самотерапии при совершенствовании новейших технологий обучения.

Выводы

Дистанционная форма обучения представляет собой сложившуюся, устойчивую и логически завершенную организацию процесса обучения на основе дидактических закономерностей и принципов. Главный признак данной формы — быть внутренней организацией содержания и методов обучения.

Как показывают изучение и анализ опыта деятельности современных вузов Казахстана, работающих в режиме дистанционного образования, даже те преподаватели, которые целенаправленно формируют у студентов позицию вопроса, все еще затрудняются создать вариативное образовательное пространство, чтобы оно соответствовало индивидуальности каждого студента [4, 6, 7].

Необходимо отметить, что дистанционное образование все же предоставляет реальную возможность наиболее полно учитывать индивидуальные особенности и образовательные потребности каждого студента, создает комфортные условия и ситуацию для достижения успеха каждым обучающимся. Все это способствует развитию самостоятельной учебно-познавательной деятельности, относящейся к наиболее значимым компонентам профессиональной подготовки студентов.

Результаты эксперимента показали, что дистанционная форма обучения является системой, при которой можно гибко и динамично адаптироваться к социально-экономическим изменениям в обществе (например, в условиях пандемии) и быть стабильной в психолого-педагогической основе. Данная форма обучения предполагает предельную эффективность использования учебного времени.

Наше исследование показало, что студенты при дистанционной форме обучения обладают рядом психолого-педагогических особенностей: они имеют более высокую мотивацию к самообразованию, владеют общеобразовательными умениями и навыками, способны к проявлению самостоятельности в поиске профессионально-значимой информации и достижения цели.

Список литературы

1. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С. Полат. - М.: Издательский центр «Академия», 2001. — 272с.
2. Основы открытого образования /Андреев А.А., Каплан С.Л., Краснова Г.А. и др.; Отв. ред. В.И. Солдаткин. – Т.1. –Российский государственный институт открытого образования. – М.: НИИЦ РАО, 2002. – 676 с.
3. Анисимова Н.С., Сидоркина И.Г. Психолого-педагогические аспекты использования Интернет-технологий в образовании // Информатика и образование. — 2002. — № 9. с. 46-50..
4. Тусубаева Ж.М. Методика организации дистанционной формы обучения в системе высшего профессионального образования // Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Алматы, 2004. – 172 с. Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана г.Алматы, ул.Муратбаева,200, ауд.110).
5. Штенгель Ю.Ю. Дистанционное обучение как форма организации самостоятельной

работы студентов с использованием доступных интернет-технологий / Ю.Ю. Штенгель. // Педагогика: традиции и инновации: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, октябрь 2012 г.). — Челябинск: Два комсомольца, 2012. — С. 190-192.

6. Караев Ж.А., Балафанов Е.К., Есбосынов М. Анализ и тенденция развития дистанционного образования // Высшая школа Казахстана, 1998, №6. – С. 140-148.

7. Теория и практика дистанционного обучения. Учеб. пособие для студентов высш. пед.заведений / Е.С.Полат, М.Ю. Бухарина, М.В. Моисеева / Под ред. Е. С. Полат М.: Издательский центр "Академия", 2004. - 416 с.

Түйін

Мақалада қашықтықтан оқытудың кейбір психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған. COVID-19 коронавирусының таралу қаупіне байланысты Қазақстандағы үздіксіз білім беру жүйесі нақты: үйде, Интернет арқылы оқу, өзіне және жақын адамдарына қамқорлық жасау мәселелерімен бетпе бет келіп отыр. Бұл жағдайлар білім беру мекемелерінен барынша оперативті және қашықтықтан оқуға қиындықсыз өтуді талап етуде.

Авторлар бұл құбылыстың студенттер арасында жиі кездесетінін және әсіресе қашықтықтан оқыту тудыратын маңызды проблемаларды ескере отырып, Тұран-Астана университеті мен Азаматтық авиация академиясының студенттері арасында зерттеу жүргізді. Зерттеудің мақсаты студенттердің таңдаған мамандықтарына қанағаттанатын (осы кезде) оқу үлгерімі мен өз бойындағы істі ертеңге қалдыру (прокрастинация) және психологиялық ерекшеліктерін анықтау болды. Университеттер студенттерінің прокрастинация жағдайына талдау талдау жүргізіліп, ұсыныстар жасалады.

Abstract

The article reveals some psychological and pedagogical aspects of distance learning students. Due to the threat of the spread of the coronavirus infection COVID - 19, the continuing education system in Kazakhstan has faced a real, real challenge: to be at home, study online, take care of oneself and loved ones. The above conditions demanded that educational institutions as quickly as possible, but comfortable transition to distance education, which is suitable for learning at home.

The authors, considering this phenomenon prevailing among students and causing serious problems, especially with distance learning, conducted a study among students of Turan-Astana University and the Civil Aviation Academy. Almaty city. The purpose of the study was to determine the relationship between academic performance, satisfaction (at this stage) with the chosen specialty and the presence of a state of procrastination, as well as the psychological characteristics of students with the presence of procrastination. An analysis of the state of procrastination of university students is made and recommendations are developed.

ӘОК 397.8

Б.Ч. Ботаев, Р.Ш. Ағабеков, А.Б. Исламбеков

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫғыНДАғы Өнердің Ерекшелігі мен Маңызы

Түйін

Мақалада қазақ халық шығармашылығындағы орындаушылық өнердің барлық түрлері, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Қазақстанға келген орыс және неміс зерттеушілерінің шығармаларынан айқын мысалдар қарастырылған. Ұлттық өнер-бұл кез-келген дәуірде ұлтпен бірге құрылып, дамып келе жатқан күрделі процесс. Бұл кез-келген уақытта зерттеу және талдау үшін қажет. Сонда ғана біз білмейтін нәрсе жаңа жарықта ашылады. Сонымен қатар, Астаналық баспалар көптеген өнертанушылармен, авторлармен және оқырмандармен жұмыс істейді. Жалпы, ұлттық өнер

мынадай элементтерден тұрады: ән айту өнері; даму деңгейі; бейнелеу өнері; сәндік-қолданбалы өнер; театр өнері; кинематография және т.б. сондықтан мен осы өнердің қазақ халқының өміріндегі маңызына, олардың даму тарихы мен өзектілігіне баса назар аударуды жөн көрдім. Қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасу кезеңінде бірегей әншілік дәстүр пайда болды. Нәтижесінде бай музыкалық мұра мен мәдениет қалыптасты.

Кілттік сөздер: мереке, тарих, мәдениет, этнография, эртология, палеоантроп, археология, антика

Ұлттық өнер дегеніміз – қай заманда да ұлтпен бірге жасасып, дамып отыратын күрделі процесс. Оған қай кезде де зерттеу жұмысын, талдауларды жүргізіп отыру қажет. Сонда ғана бізге беймәлім болған жайттар жаңаша қырынан ашылмақ. Бұл ретте елордалық баспалар көптеген өнертанушылармен, авторлармен, оқырмандармен жұмыс жасауда. Тұтастай алғанда, ұлттық өнер дегеніміз мынадай элементтерден тұрады: ән өнері; күй өнері; бейнелеу өнері; сәндік қолданбалы өнер; театр өнері; кино өнері және т.б. Сол себепті, осы өнер түрлерінің қазақ халқы өміріндегі маңыздылығына, даму тарихына, өзектілігіне тоқтауды жөн санадым. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу кезеңінде өзіне тән ән дәстүрі дүниеге келді. Соның нәтижесінде бай музыкалық мұрасы жасалды, мәдениеті қалыптасты. Қазақ әнінде халық өнерінің әр кезеңіндегі тыныс-тіршілігі, заман үні көркем көрініс тапқан. Халқымыздың бізге жеткен ән-жыр нұсқаларының көпшілігі қазақ дәстүрлі ән өнерінің көшбасшылары, ақын Біржан сал, Ақан сері, Жаяу мұса, Ыбырай және т.б. дарын иелерінің мұралары болып табылады. Дарқан даланы той-думанға бөлеген әнші әрі жыршы, ақын әрі батыр қазақ халқының «Ән – көңілдің ажары» деген нақыл сөзі бар [1].

Адам көңілінің әр сәтін ән арқылы небір әшекей-өрнектермен әсем безендіріп, нанымды суреттелгеніне бізге жеткен халқымыздың бай ән мұрасының кез келгені мысал бола алады. Әдебиеттің, музыканың, театрдың бастауы болып табылатын фольклор өнердегі, көркемөнер шығармашылығындағы өзіндік орнын ешқашан жоғалтпақ емес. Әрбір халықтың фольклоры ұлттық өнер шеңберінде өзіндік және этникалық өзгешелігінің айқындығымен, аумақтық және жергілікті стильдік үлгілерінің молдығымен ерекшеленеді. Халықтық шығармашылық – ұлттың рухани мәдениетінің деңгейі, ұлтаралық қатынастар құралы ретінде тәрбиенің негізі, оны жасаушысы мен тыңдаушының өзіндік ойын ынталандыру болып табылады. Төл шығармашылықтың тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыруда музыкалық өнердің айтарлықтай ықпалы бар. Ол мәдени мұра, тарихи-рухани құндылық, халықтық салт-дәстүрлер, дәстүрлі халық ән өнері түсініктерімен тығыз байланысты болғандықтан, оның ерекшеліктері мен табиғаты қай кезде де халық жанына жақын болған. Халықтың музыкалық шығармашылығы әр халықтың рухани мәдениетінің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, қазақ әнінің өзіндік тағы бір ерекшелігі, ұрпақтан-ұрпаққа, аймақтан-аймаққа тарай отырып, ауызша үйретіліп, дәстүрлі түрде орындалып, орындаушы өнерпаздардың орындау барысында, шабыттана отырып шығарманың кейбір жерлеріне өз өзгерістерін жасап отыруы жиі кездеседі. Қазақ халқы ежелден әншілік өнерімен ерекшеленген. Ұлттық дәстүрлі музыка қорымыздағы ең көп сақталғаны да осы – ән өнері. Өмірдің әр құбылысын әнге қосып, өз шежіресін әнмен жазған халқымызда шығарушысы ұмытылса да, мәтіні мен әуезі ел жадында сақталып келе жатқан бірнеше мың халық әндері бар. Тарихтың сан қилы талқысынан сүзіле өтіп келе жатқан бұл әндер ұлттық болмыс пен қасиетті, тұрмыс-тіршілікті білдіретін айрықша құндылық болып саналады. Небір жез көмей дарынды әншілер мен ән әуезін жанына жұбаныш жасай білген талантты өнерпаздар арқылы бүгінге жетіп отырған халықтық ән өнері – уақыт өткен сайын өз қасиетін арттыра түсетін, ұлттық ерекшелігімізді айқындап беретін асыл мұрамыз екені анық. Қанша буын өнерпаздар қолынан өтсе де, өз мазмұны мен маңызын жоймай, ұлттық мінезді, терең сезімді жырлап келе жатқан бұл өнер, шын мәнінде, өзіндік салт- санамызды, дәстүрлі тірлігімізді сақтаушы қасиетімен де құнды. Кешегі мен бүгінгінің арасын жалғап тұрған халық әндерінде ақыл-

парасат та, тарих та, ұлттық мінез бен игілік те тұнып-ақ тұр. Жүздеген жылдар бұрын айтылып, әр заманның тыныс-тіршілігін, рухани әлемін анық көрсететін ұлттық болмыстағы әндер бүгінгі мен ертеңгі ұрпақ үшін де аса қымбат мұра екені анық. Және де ұлттық ән өнеріміздің түрлі мәселелерін зерттеу ісіне екінші қанаттан келіп, көбіне ғылыми стильде еңбек еткен зерттеушілер де болды. Олардың қатарына көптеген орыс ориенталистерін, сол сияқты Қорқыттың музыкалық мұрасы мен дәстүрін ғылыми арнада зерттеген Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, аспаптық музыкамыздағы күй жанры мен олардың атауларын этимологиялық тұрғыдан зерттеген Қ.Жұбанов және т.б. жатқызуға болады. Өнер тақырыбына қалам тартқан зерттеушілеріміздің арасынан Ақселеу Сейдімбек есімі ойға оралады. «Мың бір маржан» атты еңбегінде ғалым қазақтың қара өлеңіне төрт құбыласы тең баға берсе, «Сонар» атты кезекті бөлімінде музыка мәдениетінің тарихи мәселелеріне еркін бойлап, әрбір мәселені толымды түрде әңгімелеуге тырысқан [2].

Заманымыздың аса көрнекті жазушысы академик-ғалым М.О.Ауезов «Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұндар жолаушы- қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның сурет өнерінің ескеркіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра- жыр мұрасын мирас етті-деп атап өтеді өзінің ертеректегі мақалаларының бірінде.Ия,одан бері талай уақыт өтті емес пе?! Ғылым әдебиетпен мәдениетті, өнердің ежелгі мұраларын бүгінгі ұрпақ назарына сәтіне қарай мосқалдап болса да ұсынуда. Осы уқытқа дейін талай құнды дүниелер этнография,архиалогия т.с.с. ғылымның әр алуан саласының ізденістерінің арқасында мәдени қорымызға хасырлар қойнауынан келіп жетіп, рухани қазынамызды байытуда. Ғалымдардың көрсетуі бойынша революцияға дейінгі қазақ даласында өнер түрлерінің барлығы да өмір сүргенін растайтын дәлелдер көп-ақ.Ұлан-байтақ даламыздың кең төсінде өткен үлкенді-кішілі ас, той жиын мерекелерде ақын, жырау сал-серілер өз өнерлерін жиылған халық алдында көрсетіп отырған бізге мәлім. Өйткенде олардың ән айту,айтысуы мен қатар сол той,жиында басқа да көкпар,қыз қуу,бәйге күрес,теңге ілу,жабы ату,жаяу жүріс сияқты ұлттық ойындардың түрлері өткізілетінін көркем әдебиет пен көне көз қариялардың әңгімесінен аңғарататынбыз. Ал шын мәнінде,олардың өзге де түрлері анағұрлым көп болғандығын әр жылдарда келген саяхатшылардың қол жазбаларынан байқауға болады. Оған Бөкей хан ордасында өткен асты көзімен көрген орыс саяхатшысының мына жазбасы күә: «Қырғыздар,қазақтар түрлі-түрлі ойындарды тамашалады: бір жерде балуандар күреске шықса, екінші біреулер бас сүйектерінің мықтылығын байқау үшін маңдайымен,төбесімен соққылайды, сонан соң бишілер бұралып билеп, фокусшылар гимнастикалық өнерлерін көрсетеді». Біз бұл жазбадан ерте заманда-ақ қазақ даласында фокустық номерлер, гимнастикалық трюктер,би өнері болғанын аңғарсақ,төмендегі мағлұмат бір кездері даулы мәселенің болғанын меңзейді.»XIX- ғасырдың аяқ кезінде XX- хасырдың басында қазақ халқының өзіндік ұлттық би өнері болмады деген жалған ұғым қалыптасқан болатын,ғылыми зерттеулер бұл ұғымды нақты мәліметтер келтіріп,керісінше би өнерінің тамыры тереңде жатқанын дәлелдеді. Мәселен «би», «би билеу» деген ежелгі қазақ сөзі мен тікелей би ырғағына құрылған халық музыкасындағы «Би күйі» күманға қарсы ең үкен дәлелдердің нақты қатарын толықтыратынына еш бір сөз жоқ. Қазақ даласында би өнері болмады деген болжам мұсылман дінін қабылдағаннан кейінгі оның қатал заңының талабы биге тиым салған тұсындағы кезенді меңзесе керек. Олай дейтініміз ә, дегеннен –ақ ежелгі әдеп-ғұрып, өнер түрлерінің барлығы адам еңбегімен, кәсібімен тығыз байланысты болды. А. Омаров өзінің шаңын «Наурыз» деген кітапшасында ертедегі адамдар еңбек және аңшылық құралдарын киім-кешек,үй жихаздарын жасау,баспаны салу, аң аулау, кейінірек егіншілік пен мал шаруашылығын символдық жоралардың тұтас бір жүйесімен қолпаштап отырғанын,бұл жоралардың еңбек сияқты міндетті түрде қажет деп қабылданғанын, ал шын мәнінде олар нәтиже бере қоймағанын,тек белгілі бір дәрежеде психалогиялық түрде сергітіп, табысқа деген сенімін көңілге ұялатқанын айта кетіп, «...аңға шығар алдында аңның суретін салып, оны найзамен түйреп немесе жебемен зақымдау керек болды. Мұндайсыз жол болмайды деп жорамалданды. Осы

мақсатпен аңшылар хайуанның терісін жамылып, соның жүрісіне, қимыл қозғалысына салып билейтін»-деген тұжырымдауынан, билеу өнерлерінің алғашқы қалыптасу сәтін аңғарамыз. Ескі заманнан сақталған қазақ халқының ежелгі би ойындарының түрлерінде әдет-ғұры, сиқырлы әрекеттер, хайуандар мен құстардың іс-әрекеттері мен жүріс-тұрыстары бейнеленгені жөнінде. О. Всеволодовская-Голушкевичтің «Пят казахских танцев» кітабынан әжептәуір мағлұмат аламыз [3].

Мәселен, «Аю биі» аюдың жүрісін елестетсе, «Қаз қтар» қаздардың қатарын, «Қоян биі» қоянның секектеуін салады деп көрсетеді. Төрт түлік жануарларының әр қайсысына ат қойып қастерлей білген қазақ халқы кейде өз перзенттерінде «құлыншағым», «Ойсыл қарам», «Тана көзім» «қошақаным», «ақлағым»-деп қылығын, ұқсастығын көріп-танып аймалап еркелете білген. Сол сияқты жорғаның жорғалығын паш еткен «Боз жорға», «Тепең-көк» күйін, ор текенің орғығанына сүйсініп «Ор теке» биін де тұғызған. Сонымен қатар «Ор теке» биі қуыршақ театрының алғашқы үрдісіретінде пайда болған, домбырашының сүйемелдеуімен орындалатын көпшілік алдында кеңінен таралған үлкен тамаша көрінісінің бірі еді. Қазақ халқының ертедегі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын суреттейтін «күс бегі-дауылпаз», «қоян-бүркіт» билері күсбегінің бүркітті үйретуі мен үйретілген бүркіттің қояндыалуы сияқты көріністері жоғарыда аталған О. Всеволодовская-Голушкевичтің кітабынан кездестіреміз. Балалардың бос уақытындағы ойынына айналған «Қара сиыр», «Көк сиыр», «Түйе-түйе» өзінің бастамасын алғашында сенімге табынуға бағышталған салт-ғұрып билерінен алынғаны кейбір мәліметтерден белгілі. Испания, Индия, Япония, Қытай, Турция, Цейлон сияқты елдердегідей қазақ халқының ұлттық би мектебі болмаса да, би өнері оның тұрмысында XIX-ғасырдың орта кезінде-ақ қалыптасқаны туралы, орыс саяхатшысы Д. Исаевтың үйлену тойын суреттеуінде нақты дәлелденеді аламыз [4].

Үшіншіден шығармашылықтық қиял. Қиял суреткердің нағыз серігі бола отырып, өмірдегі бақылаған ақиқаты мен сезінген шындығын жеткізудегі шығармашылықтық деңгейін айқындайды. Бұл суреткердің ойдан шығара білуіне, ал көркем шығарма мен туынды ойдан шығарудың ғана жемісі екені белгілі.

Гегель «суреткердің шығармашылық фантазиясы - ұлы ақын мен жүрек адамының фантазиясы» деген болатын. Қиялдау барлық шығармашылыққа тән сипат, сондай-ақ ол дәл ғылымның өзінде де өзіндік ролі бар екендігі белгілі.

Төртіншіден интуиция. (түйсік)Көркем туынды жасау, өлең, сценарий жазу есеп шығару емес. Есеп шығаруда белгілі бір амал, ереже, тәсіл болса шығарма немесе туынды адамның ішкі тебіренісі мен табиғи тербелісінің нәтижесі. Бұл жерде суреткердің ақыл иесі ғана емес, сонымен қатар бойында ыстық сезімнің болуы қажеттілігіне тоқталғанымыз жөн.

Бесіншіден суреткердің өмірбаяны. Көркемдеп ойлау қабілеті суреткердің өмірлік тәжірибесінің молдығына да тікелей қатысты. Шығыс философы Ибсен «Өмірі мазмұнды кісінің шығармашылығы да мазмұнды» деп атап өткен болатын.

Алтыншыдан парасат. Сананың саралығы. Сараланбаған сезіммен, немесе бір ғана интуициямен келесі көркем туындының пайда болуы мүмкін емес. Өнер адамынан қашанда жанының сұлу болуы, адамгершілік мінез, мол білім, барынша мәдениетті болуы талап етіледі. Өмірде бір түрде, өнерде басқа бір күйде көрінуге болмайды.

Жетіншіден шеберлік. Суреткерлік даналық негізін -суреткерлік шеберлік құрайды. Өнердегі шын шеберлікке апарар жол - еңбек.

Сегізіншіден шабыт. Шабыт болмайынша шеберліктен ештеңе шықпайды. Шабытсыздық қабілетсіздік -дарынсыздық, дарынсыздық - талантсыздық, яғни өнер иесіне тән ерекше қасиеттің болмауына әкеліп соғады. А.С. Пушкин «Ең арғы жағы геометрияға да шабыт керек» деп атап көрсеткен болатын. Суреткер өз мақсатына, мұратына іс жүзінде шабытты еңбек арқылы ғана жетпек. Суреткердің шабыты кең көлемдегі халық мүддесіне негізделуге, ақиқат өмірге тамыр тартуы тиіс. Сонда ғана өнер өзінің көздеген мағынасына жетеді. Өйкені нағыз шабыт пен творчестволық құштарлық Станиславский айтқандай «суреткердің өнердегі өзін емес, өзіндегі өнерді сүюінен» туады [4].

Бұхаралық қойылымдар режиссерының қызметінде режиссер-актер болу жиі кездесетін қызмет. Бұхаралық көріністерді орындаушылар негізінен білімі мен бейімі жоқ әуесқой орындаушылар. Сондықтан актерлік шеберлік көрсету, образды ұғындыру, мизансценалар мен қимылдарды белгілеу, образдың сенімділігін арттыратын әрекеттер тізбегін құру - бәрі режиссер құзырында. Кәсіпкер актерге образ мақсаты мен образдық шешімді айтса болды, қалғанын жетілдіру актер жұмысы. Әуесқой актерға азғантай уақытындағы бір-екі репетицияда роль-кейде көп адам бір образ шығаруы режиссердан аса шеберлікті талап етеді [5].

Репрессия жылдарының құрбандарына "Қасірет" монументі ашылуына "Зарлы ана" ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан салтанат басталатын болды. Қоршаудың кірер есігінен ескерткішке дейін қолдарына гүл ұстаған адамдар, ал ескерткіш жанында шашын жайып қойып кимешекті әжелерін құшақтап тұрған бойжеткен қыздар, Құрманғазының "Көбік шашқан" күйі солардың зарын жеткізгендей үндестік құрып тұрды. Гүл шоқтарын ұстап тұрғандар да, әжелер мен олардың немере қыздары да жазасыз құрбандарды жоқтау, олардың азаматтығы алдында тағзым ету, әрқайсысын жақтайтын ана мен қызының зарын жеткізу қажеттілігі ұғындырылды. Түпкі мақсат мүсіндегі ана мен бірге халқының да жадында қасіретке бөленген азаматтар әрқашан есте екенін жеткізу үшін қазақ дәстүріндегі жоқтау рәсімі көрсетілген еді.

Жоғарыда айтылған режиссер міндеттері шығармашылық, тәрбиелік қызметтерін қамтыды. Келесі міндеті - ұйымдастырушылық. Бұл міндетті атқару үшін режиссердың бойында табандылық, шешім қабылдау, тапсырма беріп, орындауды талап ете білу, тіл

табыса білу, жұмысқа жұмылдыра білу т.с.с. жеке тұлғалық қабілеттер болуы шарт [6].

Көпшілік қойылымдар режиссурасында продюссерлік қызмет пен қажетті шығармашылық (безендіру, жарық беру, дыбыспен қамту, пиротехника т.с.с.) жұмыстары өз дәрежесінде болмайынша ұйымдастырушылық әрекеттер елеулі орын алмайды. Оның өз себептері бар. Біріншіден, жұмыс көлеміне байланысты. Облыстық іс-шара өткізу үшін барлық аудандардан орындаушылар шақыртып, оларға шығармашылық тапсырма беріп, басын қосып репертуар белгілеп, репетиция орнын, уақытын, өткізетін адамын, аппаратурасын табу, киім тігу, орналастыру, тамақтандыру, жол қаражатын көтеру т.с.с. жұмыстарды талап етеді. Бұл бір номерге байланысты ұйымдастырушылық жұмыс.

Екіншіден, бұхаралық қойылым ерекшелігіне сай ұйымдастырушылық жұмысты тек орындаушылармен емес, көрермен-қатынасусымен де жүргізу. Шәмші Қалдаяқов ән фестивалін өткізуде композитормен кездескен, сыйлас-сырлас болған адамдарды әңгімеге тартып, жаңа мағлұматтар жинау мақсатымен өткізілген театр алдындағы жүздесуге адрес аралап, естелік жазған авторлар, қызметтес болғандар мен сол кездегі студенттер шақырылған. Келу бар да, әңгіме, әнге араласу басқа. Ол үшін ұйымдастырушылар алдына сыр ашу, ән айту қажеттілік жағдаяттарын жасау талаптары қойылды. Әр бұхаралық әрекетті халықтық деңгейге көтеру үшін оның белсенділікті ынталандыратын арнайы ұйымдастырылған әрекеттері.

Менеджер, продюссер болған жағдайда ұйымдастырушымен бірлесіп келісім шартқа қол қойысады. Режиссер менеджер продюссер қызметімен әзірше көптеген жағдайда қамтылмағандықтан тапсырушымен бірлесіп ұйымдастыру комиссиясын немесе дирекция құруы шарт. Оған кіретін адамдар, міндеттері, қатынасу формасы, тапсырыс орындалу мерзімі мен есеп формасы белгіленеді. Тапсырушы талаптары, орындау үшін қажеттіліктер бәрі келісім шарт немесе контрактіде көрсетіледі де қол қойылып, мөрмен бекітіледі. Қаражат төлену шарты мен орындалу сапасына сай төлем ақы беру де шартта көрсетіледі.

Сонымен, ұйымдастыру дегеніміз бағытталған практикалық әрекеттер. Олар мақсат, міндеттерді белгілеуге, шешім қабылдауға, мамандар іріктеп бөлуге, материалдық, финанстық қамтамасыз етуге, оларды бөлуге, орындалуын қадағалауға бағытталған әрекеттерден тұрады [7].

Әдебиеттер тізімі

1. Байсеркенов М. Сахна және актер ("Станиславский жүйесі " нәм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). Алматы: Ана тілі, 1993, 336 б.
2. Вершковский Э.В. Режиссура театрализованных представлений. М.: Нестор. История, 2017, 88с.
3. Жандарбеков Ә.Ә. Театр ұжымының режиссурасы: оқу құралы. Алматы: Еверо, 2009, 80 б.
4. Қабиева А.К., Куненова П.С. Театрландырылған қойылымдар драматургиясының негіздері: Оқу құралы. Тараз: Тараз университеті, 2014, 152 б.
5. Режиссура: Уч.пособие / Под.редак.Камаловой Н.К. Шымкент, ЮКГУ, 2002, 40 с.
6. Тоғаев Б.Б. Режиссура өнерінің қалыптасуы. Шымкент: ОҚМУ, 2016, 196 б.
7. Шубина И.Б. Организация досуга и шоу программ. Ростов н/Д: Феникс, 2003, 352 с.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности режиссуры массовых праздников. Без знания закономерностей режиссерской деятельности: создание образа, технологии отбора выразительных средств, обработки документального материала, построения мизансцены и темпо-ритма постановки, правил монтажа эпизодов, активизации участников и организации мероприятия и целого комплекса задач и способов написания сценария, работы с творческими специалистами, создающими наглядный и творческий образ постановки не состоится специалист-профессионал.

Приведя примеры с истории организации праздников в Древней Греции, Эпохи возрождения,

времен Французской революции авторы особенную роль отвели высказываниям в сфере режиссерского искусства Вл.И.Немирович-Данченко и К.С.Станиславского. У режиссеров массовых праздников особое место отдается художественному мышлению, которое включает: наблюдение, творческую фантазию, интуиция, мастерство, жизненный опыт, мимовоззрение.

В связи приобретением независимости в нашей стране появились новые праздники. Организация современных праздников требует грамотное выполнение творческой работы. Грамотность в работе режиссера подразумевает использование профессиональных режиссерских приемов, использование художественно-выразительных средств: оформления, наглядности, текста, озвучивания, освещения, видеоматериала с учетом зрительского восприятия, национального менталитета, государственной идеологии в области освещаемого факта и события.

Abstract

The article discusses the features of directing mass holidays. Without knowledge of the laws of directing: creating an image, technologies for selecting expressive means, processing documentary material, building a mise-EN-scene and tempo-rhythm of the production, rules for editing episodes, activating participants and organizing the event, and a whole set of tasks and methods for writing a script, working with creative specialists who create a visual and creative image of the production, a professional specialist will not take place.

Giving examples from the history of organizing holidays in Ancient Greece, the Renaissance, and the French revolution, the authors gave a special role to statements in the field of directing art by V. I. Nemirovich-Danchenko and K. S. Stanislavsky. Among the Directors of mass festivals, a special place is given to artistic thinking, which includes: observation, creative imagination, intuition, skill, life experience, and worldview. In connection with the acquisition of independence in our country.

ӘОЖ 371.1.00.157

З.Б. Қабылбекова¹, Ф.П. Тюмебаева²

¹п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²магистрант, Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан

E-mail: KZber@mail.ru, farida.tyme@gmail.com

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін

Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігін уақыт дәлелдеп отыр. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу - әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Кілттік сөздер: инновациялық оқыту технологиясы, модификациялық, комбинаторлық, және радикалдық инновация, жаңарту нысандар.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани,

азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Қандай сабақтың болмасын қызықты өтуі оқытушының үнемі іздену, ұтымды әдіс – тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, қалыптастыру, яғни, инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Энциклопедиялық сөздіктерде «инновация» әр түрлі анықталады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым «жаңаша білім беру» деп түсіндіріледі. [1].

Ал А.И.Кочетов «инновация» ұғымына төмендегідей анықтама береді: «Көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы». Алайда Р.Масырова мен Т.Линчевская мұндай анықтамамен келіспейтіндігін білдіреді. Олардың тұжырымдамасында, «Егер баратын деңгей» алдын-ала көрсетілген болса, ол қандай инновация» делінген. В.Кваша мен В.Латинаның пікірлері бойынша «инновация»- бұл жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі болып табылады [2].

Инновациялық үрдіске түскен ұжым даму барысының бірнеше кезеңін бастан кешірді: 1) жалтақтап күдіктену; 2) даңғазашылдық; 3) тұрақтану; 4) ынтымақтастық қалыптасу. Соңғы екі кезең – инновациялық үрдісті ұжымның шығармашылықпен сезінген, түсінген кезеңдері. Олар әрбір адамның аталған кезеңдерді басынан өткізуімен сәйкестеледі.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны “Білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу” деп айтсақ, оның мағынасын тарылтқан болар едік. [3].

«Инновация» ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни, бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді дедік. Яғни, С.Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. Ал, Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шет елдерде, ТМД елдерінде, Қазақстанда «Инновация» ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Ресейде «Инновация» ұғымына өте күдікпен қарағаны мәлім. Мәселен, XIX-XX ғасырдың басындағы бірде-бір білім реформаларында бұл термин кездеспейді. Негізінде реформа жүзеге асқан, яғни, инновациялық үрдіс өткен, бірақ инновация термині еш жерде аталмайды. Ал Америка ғалымдары Биль және Болен педагогикалық инновацияны

«Құрамына материалдық өзгеруіне ғана емес, сол материалды қолданудағы көзқарастардың кешенді өзгеруін білдіретін үлкен өзгеріс» деп түсінеді.

Білім беру мазмұнын жаңарту-бұл бағдарламалардың құрылымы мен мазмұнын, оқыту әдістерін қайта қарау. Іске асырудың нәтижелері жеке тұлғаның дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болуы керек. Білім беру мазмұнын жаңарту еліміздегі білім беру сапасын арттырып қана қоймай, еліміздің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына қосылуын қамтамасыз етеді және бұл білім беру мазмұнын жаңарту үдерісінің ұлттық аспектісі болып табылады. Осыған байланысты, бұл мақалада критериалды бағалауды қолдану ерекшеліктері оқушылардың оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдық дамыған, білім беру процесінің барлық қатысушыларына алдын-ала белгілі, білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін критерийлермен салыстыруға негізделген процесс ретінде қарастырылады.

Біздің елімізде «инновация» ұғымы соңғы жылдары кеңінен пайдаланылып келеді. Ең алғаш «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын). [4].

Педагог қызметінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағаламайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады».

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектсі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. [5].

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазіргі оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады. [6].

Бүгінгі күні инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге жаңа идеяларды, процестерді бірлікте жетілдірудің де жүйесі. Сондықтан оқыту мен тәрбиедегі жаңа технология инновациялық идеяларды енгізу, жаңарту нысаны болып табылады.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Шамова Т.И., П.И.Третьякова. Инновационные процессы в школе как содержательно-организационное основа механизма ее развития. - М., 2009. – 420с.
2. Инновационные процессы в школе: организация и управление. – М., 2015. - 169 с.
3. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007 ж. 69-70 б.
4. Юсуфбекова Н.Р. Педагогическая инноватика: Проблемы и перспективы. – Казань: изд-во КГУ, 1995. – 320 с.
5. Б.М.Камзина. Жаңа инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің педагогикалық шарттары. // Валеология. № 3. 2006 ж. 4-5 б.
6. Вальдман И.А. Международный опыт использования результатов национальных мониторингов учебных достижений: ключевые аспекты // Качество образования в Евразии. – 2017. – С. 3-33.
7. Волкова Е.Н., Микляева А.В., Безгодова С.А. Психологические возможности педагогической отметки // Вестник Мининского университета. – 2018. – Том 6, No 4.

Аннотация

Для освоения инновационных технологий обучения необходимо мобилизовать большой педагогический опыт. Это работа, требующая человека, творчески подходящего к своей деятельности, обладающего известными личными деловыми качествами. На самом деле каждый педагог саморазвивает и формирует себя в процессе освоения новых инновационных технологий. Основа инновационного процесса-целостная деятельность по формированию и реализации новостей. Инновации способствуют повышению уровня знаний. Сознательного молодого поколения, получения качественного образования, так и в единственное условие – время доказывает, что внедрение инновационных технологий в образовательный процесс новых учебных заведений. Поэтому, не воздержавшись от научно-технического прогресса, умение своевременно принимать, обрабатывать и эффективно использовать новые педагогические инновации, является основной задачей каждого учителя.

Abstract

For the development of innovative technologies of training is necessary to mobilize a great educational experience. This is a job that requires a person who is creatively suited to their work, who has well-known personal business qualities. In fact, each teacher develops and shapes himself in the process of mastering new innovative technologies. The basis of the innovation process is a holistic activity for the formation and implementation of news. Innovations contribute to increasing the level of knowledge. A conscious young generation, getting a quality education, and in the only condition – time proves that the introduction of innovative technologies in the educational process of new educational institutions. Therefore, without refraining from scientific and technological progress, the ability to timely accept, process and effectively use new pedagogical innovations is the main task of every teacher.

ӘОЖ 378.40

Э.А. Мекенбаева, Қ.Е. Төреханов, Н.Б. Бексейтов
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ТЕАТР ӨНЕРІНДЕ СЦЕНОГРАФИЯ МЕН РЕЖИССУРАНЫҢ КӨРКЕМ БАЙЛАНЫСЫ

Түйін

Замануи театр өнеріндегі шынайылықты айнытпай бейнелеу суретшімен режиссердің өзара түсіністікпен өнімді жұмыс жасауының нәтижесі болып саналады. Сценография спектакльдің өзіне

тән ерекшелігі болып табылады. Замануи театрлардың сахналық мәдениеті мен идеялық – шығармашылық ерекшеліктері спектакльді қою жұмыстарында маңызды элемент болып табылады.

Драматургияның жаңа үлгілерін замануи театр сахнасында тәжірибеден өткізу қазіргі таңда қойылымды көркем безендіру жұмыстарында ерекше айқындалады. Драматургияның жаңа формаларын сынау бүгінде қойылымның көркемдік дизайнында көрінеді. Режиссура мен сценографияның көркемдік өзара байланысының негізгі қағидаттары сахналық мәнерліліктің ұштасқан құралдарының кешенін құрайды. Қазіргі театрлар режиссура мен сценографияның өзара байланысы мәселесінің өзектілігін сақтап отыр. Жалпы, сахна өнері мен сценографияның даму процесінде театрлық сәндік өнердің көптеген принциптері және оның спектакльдің басқа компоненттерімен байланысы бейнеленген.

Кілттік сөздер: Сценография, спектакль, қойылым, режиссура, режиссер.

Қазақ театрының өзекті бір проблемасы – сценографияның спектакльдің құрамдық бөлігі бола тұра өнердің бөлек бір түрі есебінде қаралмағанында, мұқият зерттелмегенінде, оның даму кезеңдерінің нақтыланбағанында жатыр. Қазақстанның бүкіл театр мәдениетінің мәтінінде сценографияның ұлттық ерешеліктері онтология тұрғысынан зерттелген жоқ. Ал мәдениеттегі ұлттық бедер тек түрден ғана тұрмайды, сондай-ақ оның мәні мен мазмұны да болып табылады. Өйткені тарихта әлі күнге дейін ұлттық бедерсіз мәдениет болған емес. Қазақстанның сценография өнері қысқа мерзім ішінде әдет-ғұрыптық қойылымдар мен шыншыл-хикаяттық декорациялардан бағыты бойынша ең зерделі көрерменнің талғамынан шығатын мәні терең және сезімге түрткі боларлық спектакльдерге дейінгі жолды жүріп өтті. Сценография драматургияның қажетті ғана емес, сондай-ақ ықпалы зор «со-интерпретаторына» айналды. Көркемдік құндылықтар алдыңғы орынға шықты. Театр суретшілерінің режиссерлік принциптердің қалыптасуына үлкен әсері тиді десек те асыра айтқандық емес.

Қазақ театрының барша даму барысы жетістіктер, сәтті немесе сәтсіз тәжірибелер, қателіктер мен пайдалы табыстар арқылы аса мол шығармашылық тәжірибе жинақтаған театр суретшілерінің жетістіктерімен тығыз байланысты. Өкінішке орай қазақ театр тарихының даму барысында сценографияның мұндай тарихы жазылған жоқ. Театр суретшісі көбіне жалпылама мәні ғана бар, нақты талдау мен байыпты зерттеу тапшы рецензенттер тұжырымына қанағат етуге мәжбүр. Тіпті ара-тұра суретші жұмысы туралы мақала жазылса бірлі-екілі жағдайлар ғана қаралады, спектакльдің безендірілуі туралы жекелеген рецензиялары ғана бар. [1].

Сценографияның спецификалық ерекшелігі – оның аралық жағдайында бұл орайда бір жағынан театрмен үзілмейтін байланысты, екінші жағынан бейнелеу өнерімен байланысты айту керек. Сценограф сахна дизайнері, суретші, график, архитектор бола отырып, театрға бейнелеу мәдениетінің құндылықтарын ғана әкеліп қоймайды, сондай-ақ өзіндік проблемалар мен қарамақайшылықтар да әкеледі. Бұл орайдағы сценографтың орны-әрқайсысы дербес театр және бейнелеу өнерлерінің аражігіндегі орын. Суретші осы екеуінің де игілігі үшін тер төгеді. Мұндай жағдайдың артықшылығы да бар – ол жеке суретшілік көзқараста, сценографиялық кеңістікте принциптер таңдауда еркіндіктер береді; сондай-ақ көп бедерлілікке, тілі театрмен бірлескен жұмыста жаңа идеялардың туындауына әсер етеді.

Сценографтың жұмыс барысында драматургиялық туындыны интерпретациялау, әдеби тілді театрдың бейнелі тіліне көшіру, көрініс орнын таңдау, кеңістік проблемасы, қажетті шартты шаралар мен стилистика сынды мәселелерді шешуіне тура келеді. Әрбір нақты ахуалда суретші сахнаның көрініс пен көркем декорациялық әлемнің өзара байланысын орнатады. Осы бір кәсіпке ортақ мәселелер театрды зерттейтін өнер танушы үшін теориялық тұрғыдығы ой түйіндеу құралы болды. Өйткені теорияның өзі ақиқаттың кейбір көріністерін зерделеу болып табылады. Дәл бұл арада оның көркем-театрлық заңдылықтар мен өзара байланыс тұрғысындағы мәні бар. Теорияны білу үшін дамыған

түсінік, сондай-ақ әдістеме керек. Ал оның қандай-да бір мектепке, стильдік ерекшелікке, шығармашылық ағымға жататынына қарамастан әр суретшінің қызметінен табуға болады» [2].

Егер қазақ кәсіпқой театрының бастапқы кезі — өткен ғасырдың басына көңіл бөлсек, бейнелеуге қатысты міндет қойылғанын аңғарар едік. Бұл тұжырымды біз қазіргі түсінікке орай қойып отырмыз. Театр декораторлары ХХ-шы ғасырдың отызыншы жылдарына дейін қажеттілікке орай пайдаланылған даланың немесе таудың этнографиялық тұрғыдағы айқын пейзаждық декорацияларын үлкен шеберлікпен дайындай білді. Егер қандай да бір елеулі спектакльге «өзіндік» декорациялар жасалса – ол «абстракты» мәнге ие болып, театрдың жабдығына айналды, басқа да спектакльдерге қолданылды. Театр декорациясына деген мұндай көзқарас әрі ұзақ сақталады. Ол театрдың кедейлігінен емес еді. Бар болғаны ол кездің театрға деген көзқарасы солай болатын. Дәл мұндай жағдайдың театр декорациясын қол өнеріне айналдырып жіберуі заңды. Дегенмен жетістіктер де болды. Ондайлардың қатарына М. Я. Тригердің 1932 жылғы «Сүнгүір қайық» қойылымын атауға болады. Орыс театрының режиссері Я. П. Таневтің «...суретші С. Столяровтың идеясымен қазақ сахнасында тұңғыш рет үш деңгейлі декорация қолданылды: екі қабатты станок кейде кафе, кейде палуба, кейде каюта есебінде көрсетілді. Қимылдар дұрыс болып, көріністер жылдам ауыстырылды ... » [3]. Алайда, өзінше жақсы бұл оқиға ұзақ уақытқа дейін жалғасын таппады.

Қазақстандық театр-декорациясы өнерінің деңгейі ең сыни көзқараспен қарағанның өзінде де жоғары. Алайда шеберлеріміздің тәжірибесі жеткіліксіз зерттелген, материалдарды, зерттеулерді, театрдағы эскиздер, үлгілер, кейіпкер киімдері бейнеленген альбомдарды теориялық тұрғыда бағалау жағы тапшы. Жинақталған тәжірибені мұқият үйретіп, жүйелеу қажет, қазақ театр-декорация өнерін әділ шығармашылық тұрғыда жұмылдыра алатын тарихын жасауға көмектесу керек. Ал оның барлық театр өнерімен бір дәрежеде көрерменге қатты әсер ететін артықшылығы ғана емес, сонымен бірге аса мұнды ерекшелігі де бар — біздің есімізде қалғаннан басқа ізі жоқ. жоғалып кететін. Осының өзі-ақ Қазақстан театр-декорация өнері дамуының объективті тарихын, қазақ сценографиясы туралы толыққанды теориялық еңбек жазудың қажеттілігін көрсетеді. Қазақ кәсіби театры өмір сүргеннен бергі уақыттағы суретшілер тапқан бағалы, пайдалы, қызықты құндылықтардың қорытындысын жасайтын кез келді. Әсіресе өткеннің сабағы, театр шеберлерінің тәжірибесі, білік сахнаға енді шыққан жастарға аса пайдалы [3].

Сценография өнерінің қара қайнарын білу, жинақталған тәжірибені теориялық тұрғыда зерделеу, бұрын жасалып қойған дүниені қайта жасауға уақытты текке сарып етпей, алғажылжу жас суретшілер мен театр тәжірибесінің мүддесіне ғана емес, сондай-ақ еліміздің мәдениетінің даму тарихының мүддесіне де сәйкес келеді.

Қойылымның жарығы мен жарықтың партитурасын ойластыру режиссердің қойылымды жасау мен мизансценаларды қоюда маңызды роль атқарады, оларда күрделі диалектикалық қалыптардың қатнасы мен мазмұны пайда болады: яғни қақтығыстың ішкі мәнін, қарым - қатнасын, ойларын, сахналық әрекеттің қисынын сыртқы көзге көрінетін қойылымның тұлғасы арқылы білдіру. Жарықтың көп программалық сандық басқару жүйесі, есте сақтағыш құрылымы бар, реттегіштерді қолдану, жарық беру құралдарын қашықтықтан басқару, бір жарықтың жағдайынан екінші жарықтың жағдайына өтуін автоматтандыру жарықты сапалы жаңаша пайдалануға жол ашты. Сахна кеңістігін ұйымдастыру барысында театрдың заманауи жарық беру құралдарымен жарақтандырылуы ғылымның жаңа жетістіктерімен тығыз байланысты. Алдыңғы қатардағы театрларда сахнаны жарықпен көркемдеп безендіру жұмыстарында экрандарды пайдалану мен түрлі видеопроекцияларды қолдану заманауи қойылымдардағы көркемдік айқындылықтың амалы ретінде басымдылық танытуда [4].

Ол театрлардың техникалық құралдарын жаңа технологиямен жаңарту процесі бүгінгі таңда ғылыми техникалық прогресстің дамуының жалпы деңгейіне сай келгендіктен қоюшылардың шығармашылық мүмкіншіліктерінің ауқымының кеңейуіне ықпал етеді.

Бүгінгі таңда сахналық жаңа технология әрі жабық театралдық алаңшаларда болып жатқан қойылымдарға, әрі қала аумағында, ашық алаңдарда өтіп жатқан көпшілікке арналған ойын сауықтарға қолданылуда. Технологияның дамуы, телекоммуникациялық жүйе мен көптеген жарнамалақ таблолардың мүмкіншіліктерін есепке ала отырып, көпшілік театрландырылған ойынсауықтардың жаңа формаларының келіп шығуына өз ықпалын тигізуде. Біртұтас театралдық алаңша ретіндегі Қаланың жағдайында жаңа технологияны пайдалану ауқымы айтарлықтай кеңейді, себебі заманауи проекциялық техникаларды пайдаланудағы кейбір келеңсіз сипаттамалары ашық кеңістікте елеусіздеу болады.

Қалалық ортаның кеңістігін көпшілік ойынсауықтың қойылымдық шешіміне пайдалану сәулеттік өнердің синтезі ретінде және компьютерлік графика мен мультимедияның тұлғалық амалы ретінде заманауи көркем шығарманың дамуына ықпал етеді.

Көпшіліктік театрландырылған әрекеттің жаңадан жинақталған жаныры, әдеттен тыс кең көлемдегі әлеуеті қатнаса ие болған, ұлттық дәстүрлердің жаңаруына әсер етеді. Көпшілік қойылымдар мен қалалық мерекелердің эстетикалық қасиеттері, олардың негізі ойын - сауықтық, көрнекілік, хабарламалық болғандықтан шығармашылық қызметтің жаңа түрлеріне өз әсерін тигізеді [5].

Сценографияның спецификалық ерекшелігі – оның аралық жағдайында бұл орайда бір жағынан театрмен үзілмейтін байланысты, екінші жағынан бейнелеу өнерімен байланысты айту керек. Сценограф сахна дизайнері, суретші, график, архитектор бола отырып, театрға бейнелеу мәдениетінің құндылықтарын ғана әкеліп қоймайды, сондай-ақ өзіндік проблемалар мен қарамақайшылықтар да әкеледі. Бұл орайдағы сценографтың орны-эрқайсысы дербес театр және бейнелеу өнерлерінің аражігіндегі орын. Суретші осы екеуінің де игілігі үшін тер төгеді. Мұндай жағдайдың артықшылығы да бар – ол жеке суретшілік көзқараста, сценографиялық кеңістікте принциптер таңдауда еркіндіктер береді; сондай-ақ көп бедерлілікке, тілі театрмен бірлескен жұмыста жаңа идеялардың туындауына әсер етеді [6].

Қазақ театрының өзекті бір проблемасы – сценографияның спектакльдің құрамдық бөлігі бола тұра өнердің бөлек бір түрі есебінде қаралмағанында, мұқият зерттелмегенінде, оның даму кезеңдерінің нақтыланбағанында жатыр. Қазақстанның бүкіл театр мәдениетінің мәтінінде сценографияның ұлттық ерешеліктері онтология тұрғысынын зерттелген жоқ [7].

Ал мәдениеттегі ұлттық бедер тек түрден ғана тұрмайды, сондай-ақ оның мәні мен мазмұны да болып табылады. Өйткені тарихта әлі кунге дейін ұлттық бедерсіз мәдениет болған емес. Қазақстанның сценография өнері қысқа мерзім ішінде әдет-ғұрыптық қойылымдар мен шыншыл-хикаяттық декорациялардан бағыты бойынша ең зерделі көрерменнің талғамынан шығатын мәні терең және сезімге түрткі боларлық спектакльдерге дейінгі жолды жүріп өтті. Сценография драматургияның қажетті ғана емес, сондай-ақ ықпалы зор «со-интерпретаторына» айналды. Көркемдік құндылықтар алдыңғы орынға шықты. Театр суретшілерінің режиссерлік принциптердің қалыптасуына үлкен әсері тиді десек те асыра айтқандық емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Қаржаубаева С. К. Қазақстан сценографиясының көкейкесті мәселелері.: Жалын, 2012, 288б
2. Михайлова А. Сценография: теория и опыт. М.:, 2000, 189с
3. Гадамер Г. Актуальность прекрасного. М., 2008, 189с

4. А.Маемиров Қалiң қалай қазақ театры?/// Егемен Қзақстан №24(62380), 5 Ақпан, 2017ж
5. Ә.Сығай., Ж.Ахметова. Театр тарихы. – Алматы. МерСал, 2004 . - 272 бет
6. Б.Р.Нөгербек, Г.Қ.Наурызбекова, Н.Р. Мұқышева. Қазақ киносының тарихы – Алматы. ИздатМаркет, 2005- 196 бет
7. Сандыбаева А.С. Сахна кеңістігі. – Алматы: Эрудит, 2005. – 200 бет

Аннотация

В современном многосложном театральном искусстве уровень художественного осмысления действительности находится в прямой зависимости от степени взаимопроникновения и плодотворного синтеза идей художника и режиссера. Сценография является специфической особенностью спектакля. Сценическая культура и идейно – творческие особенности современного театра является важным элементом в создании и постановки спектакля.

Апробация новых форм драматургии сегодня выражаются в художественном оформлении постановки. Основные принципы художественных взаимосвязи режиссуры и сценографии составляют комплекс сопряженных средств сценической выразительности. Особую актуальность проблемы взаимосвязей режиссуры и сценографии имеют современные театры. В общем в процессе развития сценического искусства и сценографии воплощают в себя многие принципы театрально декоративного искусства и его соотношения с другими компонентами спектакля.

Abstract

In modern polysyllabic theatrical art, the level of artistic comprehension of reality is in direct proportion to the degree of mutual penetration and fruitful synthesis of the ideas of the artist and director. Scenography is a specific feature of the performance. Stage culture and ideological and creative peculiarities of modern theater is an important element in the creation and production of a performance.

The approbation of new forms of drama is expressed today in the decoration of the production. The basic principles of the artistic relationship between direction and scenography are a complex of conjugated means of stage expressiveness. Modern theaters have a particular relevance of the problem of interrelationships between direction and stage art. In general, in the development of stage art and scenography, many principles of theatrical decorative art and its relationship with other components of the performance are embodied.

УДК 37.036.5

М.М. Мухамедин

к.п.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ВОЗРАСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СПОСОБНОСТИ К ТВОРЧЕСТВУ

Аннотация

В данной статье раскрыты специфическая сущность детского творчества и возрастные особенности младшего школьного возраста как фактора начального формирования способностей к творчеству. Анализированы психологические и педагогические литературы известных ученых о «возрастном фоне» младших школьников, который, составляет предпосылку формирования и реализации творческих способностей в этот возрастной период. Эффективность формирования способности к творчеству в младшем школьном возрасте, на наш взгляд, объясняется существующими качественными своеобразиями, особенностями этого возрастного периода, на которые, с одной стороны, может опереться творческий процесс и, с другой - теми, которые являются катализаторами его протекания. Базой для формирования способностей младших школьников служат те «умственные резервы», новообразования, которые начинают проявляться в этом возрасте: способность к творческому мышлению, а также рефлексия - способность выразить в слове как результат

деятельности, ее продукт, так и те способы, приемы, с помощью которых этот результат был найден (осознанность мыслительных действий).

Ключевые слова: творчество, способность, мотив, возрастные особенности, младший школьник, деятельность, любознательность, творческое мышление, воображения, интерес.

Педагогические исследования проблемы воспитания творческих способностей детей связаны с важнейшими открытиями психологов Л.С. Выготского и С.Л. Рубинштейна, которые установили специфику детского творчества, заключающуюся в субъективной природе новизны творческой деятельности детей, а также открытия М.С.Бернштейна, А.В. Брушлинского, А.Н. Лука, Я.А. Пономарева, которые доказали единство сущности творческого процесса детей и взрослых, установили возможность воспитания и развития творческих способностей детей во всех видах творческой деятельности.

Как показывает исследование, творческий человек отличается от нетворческого именно повышенным интересом к новому в своем внутреннем мире - в свежих образах, мыслях. Более того, ему становится просто интересно, что еще он может из этого внутреннего мира «извлечь», на что он способен. Поэтому настоящее творчество есть испытание и собственных возможностей. «Главное в творчестве не внешняя активность, а внутренняя- акт создания «идеала», образа мира, где проблема отчуждения человека и среды разрешена. Внешняя активность есть лишь экспликация продуктов внутреннего акта» - пишет В.Н. Дружинин [1].

Понятие детского творчества оказывается отнесенным не столько к высшим предметным результатам творческих актов, сколько к внутреннему самоизменению творящего субъекта. В творческом процессе совпадает изменение обстоятельств, предметной среды с самоизменением и развитием личности младшего школьника, как творца. «Творчество - пишет Г.К. Нургалиева, - становится качеством личности, чертами ее характера, когда приобретает устойчивость, выраженность, большую значимость, становится характерным для личности» [2]. Известный американский психолог Фромм предложил следующее определение понятия детского творчества (креативности): «Эта способность удивляться и познавать, умение находить решения в нестандартных ситуациях, это нацеленность на открытие нового и способность к глубокому осознанию своего опыта» [3]. Таким образом, следуя этой формулировке, критерием детского творчества является не только качество результата, а характеристики и процессы, активизирующие творческую способность.

Мы разделяем позицию Н.С. Лейтеса, по мнению которого в годы детства возрастные особенности являются одновременно и факторами начального формирования способностей. «Предпосылки развития способностей, специфичные для отдельных детских возрастов, - та почва, на которой возрастают индивидуальные способности. Формирование индивидуальных способностей происходит в ходе возрастного развития, и многое, зависит от того, что же будет взято из тех свойств, которые выступают в различные периоды детства, черты какого именно возраста и в какой степени скажутся на чертах интеллекта» [4].

При этом нужно не упускать из виду, что созревание нервных структур - важное условие возрастного психического развития младшего школьника. Роль этого фактора четко показал А.В. Запорожец: «С одной стороны, созревание организма ребенка вообще и его нервной системы в частности, которое носит, как показывает морфогенетические исследования... также стадийный характер, не порождая само по себе новых психологических образований, создает на каждой возрастной ступени специфические условия, специфические предпосылки для усвоения нового рода опыта, для овладения новыми способами деятельности, для формирования новых психических процессов... Наряду с этим обнаруживается и обратная зависимость созревания от развития, обусловленного условиями жизни и воспитания» [5].

Эффективность формирования способности к творчеству в младшем школьном возрасте, на наш взгляд, объясняется существующими качественными своеобразиями, особенностями этого возрастного периода, на которые, с одной стороны, может опереться творческий процесс и, с другой - теми, которые являются катализаторами его протекания.

С возрастом возможности нервной системы увеличиваются, она укрепляется, но многие ее ценные свойства, благоприятствующие активному развитию способностей, в значительной мере утрачиваются. Поэтому педагоги и психологи советуют спешить использовать период младшего школьного возраста для развития способностей детей. Э. Ландау утверждает, что одаренность в ребенке необходимо побуждать и развивать, а не отказываться от нее. Э. Ландау не считает одаренность проблемой: «не одаренность становится «драмой», а запущенность тех сторон детской личности, которые оказываются невостребованными» [6]. Она утверждает, что развивать надо не только специфическое дарование. Необходимо учитывать всю личность, ее эмоциональные, интеллектуальные, художественные и социальные способности. Если одаренному ребенку помогают всесторонне, то проблем у него не возникает.

Детям младшего школьного возраста свойственны необычайная чувствительность к образным впечатлениям, богатство воображения, неустанная любознательность, возрастающий познавательный интерес. По мнению Л.С. Выготского, именно в этот период устанавливаются наиболее тесные связи фантазии с речемыслительными процессами, начинает складываться новая функциональная система воображения. Развитие воображения определяет положительную динамику в изменении творческого мышления [7].

Повышенная активность - характерная черта детей этого возраста, во многом выражает природно обусловленную потребность в умственных впечатлениях. Такая характерная черта младших школьников как подражательность, не тормозит творческий процесс ребенка. Н.С. Лейтес подчеркивал, что «сама подражательность в начальном учении, в условиях неизбежной недостаточности некоторых знаний, оказывается в немалой мере творческой, она требует интуиции, импровизации, непрестанной умственной инициативы. Любознательность младших школьников выступает не только в повышенной восприимчивости - она одновременно создает новое, не будучи связана каким-нибудь привычным ограничением. Таким образом, в этом возрасте обнаруживаются предпосылки творческой стороны способностей» [8].

Для формирования творческих способностей в период младшего школьного возраста важен тот факт, что в этом возрасте происходит интенсивное развитие интеллектуальных способностей. За короткий промежуток времени, по словам Н.С. Лейтеса, с ребенком происходят удивительные превращения: «Формируются сложнейшие свойства ума, развитие идет в таком темпе, который будет недоступен в зрелые годы» [8].

Базой для формирования способностей младших школьников служат те «умственные резервы», новообразования, которые начинают проявляться в этом возрасте: способность к творческому мышлению, а также рефлексия - способность выразить в слове как результат деятельности, ее продукт, так и те способы, приемы, с помощью которых этот результат был найден (осознанность мыслительных действий).

В умственных проявлениях младшего школьника замечаются творческие моменты. В познание дети вносят элементы игры, фантазии, и при этом, как отмечает Н.С. Лейтес, подготавливаются те психологические механизмы, которые в дальнейшем смогут специализироваться и развиваться уже в большей мере применительно к личности и общественно значимому содержанию.

Предпосылкой творческой проявлений младших школьников, их стимулом является также развитие мотивационной сферы личности ребенка. У детей в этом возрасте ярко выражено стремление мыслить, преодолевать умственные препятствия, самостоятельно находить решения, потребность в активности, творчестве.

Педагоги указывают, что потребность младшего школьника проявить себя в творчестве

очень велика, она открывает для него путь к раскрытию своей индивидуальности, к реализации своих способностей, ее удовлетворение дает ребенку интенсивное ощущение радости жизни. Его творческий потенциал, по мнению педагогов и психологов выражается прежде всего в желании создать что-нибудь в рисунке, музыке, игре, труде, в технике. Творческая деятельность, переход от одного творческого занятия к другому - это поиск самого себя, своих способностей, своего призвания, как указывает известный ученый А. Байтурсунов, «внутреннее состояние ребенка надо уметь различать по его действиям» [9].

Исследователи считают, что младшего школьника побуждает действовать прежде всего процессуальная сторона деятельности. Ребенку доставляет удовольствие проявлять интеллектуальные силы и творческие способности. Отметим тот «возрастной фон» младших школьников, который, по мнению психологов и педагогов, составляет предпосылку формирования и реализации творческих способностей в этот возрастной период.

Итак, повышенная чувствительность, интенсивное развитие интеллекта, творческое мышление, любознательность, потребность в активности, интерес к познанию нового, игровое отношение к деятельности, расположенность к творческому самовыражению - характерные черты младших школьников, являются предпосылками формирования творческих способностей в младшем школьном возрасте.

Таким образом, не отрицая природных задатков и способностей, облегчающих возможность успешного выполнения какой-либо деятельности творческого характера, можно утверждать, что проявление и развитие способностей детей целиком зависит, с одной стороны, от условий жизни и воспитания (которые определяют, будет ли ребенок вовлечен в соответствующие этим способностям виды творческой деятельности), с другой стороны, от личности учителя, его педагогического мастерства и опыта творческой работы.

Список литературы

1. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. СПб.: Изд. «Питер», 2000, 368 с.
2. Нурғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: Дис. на соиск. учен. степ. д-ра пед. наук. Алматы: Алматинский государственный университет, 1993, 375 с.
3. Одаренные дети: Пер. с англ./Общ. ред. Г.В. Бурменской и В.М. Слущкого. М.: Прогресс, 1991, 376 с.
4. Лейтес, Н.С. Способности и одаренность в детские годы / Возрастная психология: хрестоматия: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Сост. и науч. ред. В.С. Мухина, А.А. Хвостов. – 6-е изд., стер. М.: Издательский центр «Академия», 2007, 624 с.
5. Запорожец А.В. Значение ранних периодов детства для формирования детской личности. - В сб.: Принцип развития в психологии. М., 1978, С.256-260.
6. Ландау Э. Одаренность требует мужества: психологическое сопровождение одаренного ребенка/ Пер. с нем. М.: Издательский Центр «Академия», 2008, 144 с.
7. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. СПб: Союз, 2007, 96 с.
8. Лейтес, Н.С. Способности и одаренность в детские годы / Возрастная психология: хрестоматия: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Сост. и науч. ред. В.С. Мухина, А.А. Хвостов. – 6-е изд., стер. М.: Издательский центр «Академия», 2007, 624 с.
9. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлендер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы: Жалын, 1991, 464 б.

Түйін

Бұл мақалада балалар шығармашылығының өзгешелік мәні мен бастауыш мектеп жасындағы балалардың жастық ерекшеліктері шығармашылыққа деген қабілеттің бастапқы кезде қалыптасуының факторы ретінде жазылған. Белгілі ғалымдардың /А.В. Брушлинский, А.Н. Лук, Я.А. Пономарев, Л.С.Выготский, В.Н. Дружинин, Г.К. Нурғалиева, А.В. Запорожец, А. Байтұрсынов және

т.б./ бастауыш мектеп оқушыларының «жас ерекшелік жағдайында» жазылған психологиялық және педагогикалық әдебиеттері талданған, бұлар сол жас аралығындағы балаларда шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру және жүзеге асыру үшін алғышарт болып табылады.

Бастауыш мектеп жасындағы балдарда шығармашылыққа деген қабілеттерін қалыптастырудың тиімділігі, біздің ойымызша, сол жастағыларға тән сапалық ерекшеліктермен және жастық кезеңдегі өзгешеліктермен түсіндіріледі, бұларға, бір жағынан, шығармашылық процесс арқа сүйесе, екінші жағынан, сол процестің жүруіне катализатор болатындар арқа сүйейді.

This kind of interactive games fosters not only the gained knowledge but also motivates learners to get involved in the learning process. Another highly creative and innovative method in teaching the past simple tense will be “Short film description”. Instruction: 1. Watch the clip and try to remember what happened. 2. Describe what happened in each clip. You can write (using the worksheet) or speak. 3. Use some of the verbs on screen. You must change them from present to past form. — E.g. “When the octopuses were hugging, someone took the pink one out of the tank. According Laurie Rozakis’s book “English Grammar for utterly confused”, she points out several top trouble spots in grammar usage:” When someone complains that a person “cant’ write”, they are most often referring to errors that person makes in grammar and usage”, she explains and indicates to 5 common troubles, grammar learners face: Problems with subject-verb agreement Wrong verb tense Incorrect voice (active versus passive voice) Misplaced modifiers Lack of parallel structure With the help of this innovative tools and approaches in teaching English as foreign language, the acquisition of the language becomes efficient and the problems with grammar will vanish away, as these techniques tackle these troubles. It should be stated that the fast advancement of technology and its transformation and application to education draw teachers' attention to find what requirements are needed for a facilitation and simplification of the learning success, through integrating learners in the classroom context that is in equilibrium with our digital age. In that sense, Dudeney & Hockly stated that: "Technology is becoming increasingly important in both our personal and professional lives, and our learners are using technology more and more" This infatuation (enthusiasm) for technology is due to many reasons: – Internet access is progressively more accessible to learners either in their homes or Internet cafés.

The use of technology can be the best way for integrating the real world into the classroom because the majority of learners grew up with technology and they integrated it automatically in their lives. – Technology provides us with authentic tasks especially ELT materials. – Technology, mainly Internet, offers good chances for the learners -even if they are dispersed geographically– to communicate and exchange their thoughts and ideas. – —Technology supplies teachers with a plenty of published materials such as course books, texts, articles that can be helpful in teaching. Richards & Renandya, pointed[4] that in these latest years, using technological teaching aids became a familiar aspect in the classroom. So, there is no suspicion that its role will occupy a huge percentage in the second language classroom in the future.

Teaching aids or media are helpful tools for many teachers who use them to enhance their students' communicative skills and facilitate their learning process through refreshing the classroom environment. Teachers rely on these tools especially to reduce learners’ anxiety, boredom, and to create a sense of belonging. They stimulate students and enhance their motivation by attracting them to gain their interest and to transfer the course from inactive to more dynamic. Since students are directly in contact with the video, they can easily associate between the images and the words which help them learn new vocabulary, culture, pronunciation, and even allow them to check their use of the target language.

The video is a sort of communication device that enables students to view the form and speech of the SL discourse from the beginning to the end by the use of authentic language and the rate of speech' speed in different contexts. Chung & Huang (1998) clarify more this idea by noting that: «As more complete video instructional packages are made available to foreign language teachers,

they search for ways to make students' learning experience more active and interesting, similar to those that occur in the real world» Integrating the video material in EFL classes permits students via video's content, to guess the information, infer/construct them, and analyze the foreign culture that is brought into their learning context. Many teachers ask why we should use and integrate the video as a part of our teaching method, since we are able to manage well the classroom and get our students motivated through their positive achievement. It is true that many students -with the classical way of teaching through gestures and board use- can achieve positively and become more successful in writing and listening skills; however, most of them become weak and achieve poorly when they come to communicate (in writing or speaking). For that reason, a lot of researchers tackled the advantages and benefits of using the video as an educative tool in EFL classes. Dr. Samir M. Rammal (2006) acquiesces the benefits of using the video by clearly stating the following arguments: – The video is the best motive in the ELT environment, since it offers students a new experience of real feeling of realizing learning with authentic materials. So when they comprehend the video content and the teacher's objective behind using it, they became familiar with what is happening in the native speakers' circumstances. – Videos endow learners with real language that is used by native speakers in their everyday interactions and communications. This evidence enables EFL students to learn easily the spoken discourse that comprises sounds, utterances, and the conveyed meaning that can be coded through the non-verbal explanatory body language. – Through watching a video, students can acquire best the cultural aspects that go together with their foreign language in its appropriate context. Dr. Rammal (2006) explicates more this point by arguing that: «A language teaching lesson with activities aimed at helping EFL learners get oriented both in language use and in cross-cultural interactions with native speakers of English». In modern times there are a significant number of innovative techniques are available. Teachers should use all these innovative technique to avoid writing classes to be insipid. When speak about writing many students regard this as monotonous. But only by using innovative methods of teaching writing classes, especially in foreign language, may be so colorful and provoke students' interest. Games can be used to provide a useful and meaningful context for languages. It was also clear that games encouraged students to interact and communicate effectively with their peers. It also appears that video games also provide a challenge and reduce anxiety, and help students to make and sustain the significant effort involved in learning a language. Teachers who utilize games in their language lessons also tend to notice that students are a lot more interested in the process than traditional teaching methods.

For example, games seem to help make language lessons a lot less imposing to students. This is especially beneficial for less-confident students who tend to fear openly making mistakes in front of their peers.

It not only the basic structure of languages that are improved by playing computer games, according to observations from teachers. Technical or instructional language through discussion or rules are improved, as well as, negotiation skills.

But teachers and academics alike, are united in their opinion that games should only be used as a teaching aid. They should not be relied on in totality to replace some elements of traditional language learning.

References

1. Harner Jeremy. The practice of English language teaching. L. — New York, 1991.-296p.
2. Effectiveness of using games in teaching grammar to young learners <https://www.researchgate.net/publication/281536862> [accessed december 13]2017.
3. Listening comprehension: Approach, design, procedure. TESOL Quarterly 17(2), 219–240.
4. Nadolinskaya T. V. // The game in the context of the history of philosophy, culture and pedagogy. // Education and science. 2013. № 7

5. Selevko G. K. // Modern educational technologies: a textbook for pedagogical universities and institutes of advanced training// Public education. Moscow-1998
6. Semenov V. G. // Dynamic classification model of the game// Kiev, 1994.
7. Konysheva A.V. // Game method in teaching a foreign language // Moscow-2002.

Аннотация

Данная статья посвящена имплементации инновационных технологий в преподавании иностранного языка. В ней рассматривается ряд разнообразных интерактивных технологий и так называемый метод «грамматических игр онлайн». Раскрывается эффективность интеграции видео материала на уроках иностранного языка. С введением коммуникативного преподавания языка преподавание и изучение английского языка стало гораздо более требовательным для учителей и учащихся. Игры стали критически важными для изучающих английский язык и учителей не только потому, что они доставляют удовольствие и расслабляют, но и потому, что они побуждают учащихся использовать свой язык в творческой и коммуникативной манере.

Түйін

Бұл мақала шет тілін оқытудағы инновациялық технологияларды енгізуге арналған. Онда әртүрлі интерактивті технологиялар мен «онлайн-грамматикалық ойындар» деп аталатын әдіс қарастырылады. Шетел тілі сабағында бейне материалды кіріктірудің тиімділігі ашылды. Тілдерді коммуникативті оқытуды енгізе отырып, ағылшын тілін оқыту мен үйрену мұғалімдер мен студенттерге едәуір талап қойылған. Ойындар ағылшын тілін үйренушілер мен оқытушылар үшін өте маңызды, өйткені олар рақаттандырады, демалдыртады сонымен қатар студенттерге өз тілдерін шығармашылық және коммуникативті қолдануға шақырады.

ӘОЖ 81'373.2

Б.М. Тілеубердиев, Н.Қ. Омаров, А.А. Суюбердиева
ф.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
п.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

КӨРКЕМ МӘТІНДЕ ЭПИКАЛЫҚ КЕЙІПкерлердің ВЕРБАЛдануы

Түйін

Мақалада белгілі бір көркем мәтіндегі ономастикалық концептілердің вербалдануын жүйелі түрде бастан аяқ көрсетуге әрекет жасалады. Негізгі мақсат: мәтіннің түр-түрінде, жанрлық және дискурстық сипаттарына қарай антропонимиялық, топонимиялық, мифонимиялық концептілердің мәтінде тілдік, вербалдік көріністерінің біршама заңдылықтарын айқындап, талдау жасау негізінде жүргізу.

Эпикалық қаһармандарды (Қобыланды, Алпамыс, Қамбар батыр, Ер Тарғын т.б.) біріктіретін негізгі сипаты – олардың ерлігі, батырлығы, орасан күші екендігі айтыла келе, қаһармандық эпостардағы эпикалық батырлардың бейнесі тек көркемдік образдар арқылы ғана танылмайтындығы, сонымен бірге этнос менталитетіндегі этноментальді идеал, қазақтың танымдық тұлғасысөз болу керектігі баса айтылады. Халық танымындағы батыр – осы эпикалық батырдың сипаттарымен сәйкестендіріле танылатындығы дәлелденді.

Көркем мәтіндер ономастикалық концептілерге бай немесе жұтаң болып келеді, мәтіндердің осы тұрғыдан бөлінуі, әрине, мәтіндердегі ономастикалық атаулардың көптігіне немесе аздығына, жоқтығына байланысты. Әдетте, ғылыми, публицистикалық ресми мәтіндерде көп жағдайларда жалқы есімдер кездеспейді немесе аз кездеседі. Көркем мәтіндердегі (фольклорлық, көркем әдебиет мәтіндері) жалқы есімдердің көрінісі – ономастикалық концептілердің вербалдану болмысын көрсетеді.

Кілттік сөздер: көркем, мәтін, вербалдану, ономастика, концепт, кейіпкер, эпика,

Тілдік таңбалардың ішінде біздің ойымызша, әсіресе ономастикалық лексикалық бірліктерде суггестиялық түрде мәдениеттің (этномәдениеттің) мазмұндық семиотикалық болмысы тілдік (атау) формасына сіңісіп жинақталған, сақталған. Тіл мен мәдениетті ерекше семиотикалық жүйелер деп танысақ, олардың бір-бірімен байланысы аса күрделі мәселе болып табылады, сондай-ақ зерттеушілердің пікірінше тілдік таңбаның мазмұны мәдени таңбаның формасы болып саналады, ал заттық мәдениет атауы тілдік таңбаның формасы, ал мазмұны сол атаудың мағынасы бола алады.

Ономастикалық атаудың тілдік семиотикалық жүйесінің бірлігі ретінде мәдениеттің семиотикалық жүйесінің арасындағы екі жүйені байланыстыратын, белгілі дәрежеде біріктіретін жүйе ономастикалық концептілер жүйесі болып табылады. Басқаша айтқанда тіл мен мәдениетті бір семиотикалық жүйеге бірлестіретін, тоғыстыратын адамның, этностың, социумның, лингвомәдени қауымның тілдік санасы, лингвоментальді өрісі.

Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, кез келген концептінің, соның ішінде, әрине, ономастикалық концептілердің тілдік көрінісі, яғни негізгі қызметі – олардың вербалдануы. Тіл – сөйлеусіз (речь), қолданылусыз өлі дүние, сол себепті тек қолданыстағы (сөйлеу, мәтіндердегі – көркем мәтіндер солардың бір түрі) тіл бірліктері мен концептілері өз сипатын, болмысын аша алады.

Тілдік көркем мәтіндердегі ономастикалық концептілердің қолданысы – вербалдануы көркем мәтіннің дискурстық (пайымдау) сипаттарына байланысты және дискурсты құрылымдайтын маңызды элемент болып келеді. Дискурстың сөйлеу актілерінен және мәтіннен басты айырмашылығы: дискурс – когнитивтік лингвомәдени сөйлеу тұтастығы болып саналады. Дискурста тілдік тұлғаның аялық білімінің көрінісі, яғни тілдік дүниенің бейнесі, автордың «таным әлемі» түрлі концептілер арқылы беріледі. Сонда ономастикалық концептілердің мәтінде вербалданауын осы жоғарыда келтірілген дискурстық сипаттамаларына байланысты қарастыруымыз керек.

Бұл хабарламамызда біз белгілі бір көркем мәтіндегі ономастикалық концептілердің вербалдануын жүйелі түрде бастан аяқ көрсетуге әрекет жасамаймыз. Біздің мақсат: мәтіннің түр-түрінде, жанрлық және дискурстық сипаттарына қарай антропонимиялық, топонимиялық, мифонимиялық концептілердің мәтінде тілдік, вербалдік көріністерінің біршама заңдылықтарын айқындап, талдау жасау негізінде жүргізіледі.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің, қазақ фольклорының мәтіндері ономастикалық концептілерге бай деп айтуымызға болады. Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипатын зерттеген Д.М.Керімбаев фольклорлық жалқы есімдерді фольклордың жанрлық жүйесіне сәйкес бөледі: эпикалық мәтіндердегі жалқы есімдер; аңыздық халық прозасындағы жалқы есімдер; наным-сенім, әдет-ғұрыптық фольклордағы жалқы есімдер; шешендік сөздер, бата, лиро-эпикалық шығармалардағы жалқы есімдер. Әрине, фольклорлық жалқы есімдер антропонимдерге, топонимдерге, зоонимдерге, теонимдерге, мифонимдерге, хрононимдерге, этнонимдерге т.б. бөлінеді, бірақ Д.М.Керімбаев қазақ халық ауыз әдебиетінің жекелеген жанрларымен өзара қатысты фольклорлық қазақ жалқы есімдерінің жанрлық ерекшелігін көрсетумен шектелген [1]. Сонымен қатар зерттеуші қазақтың фольклорлық жалқы есімдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, фидеистік (нанымдық) және лингвопоэтикалық қызметтерін тиісті тарауларда қарастырғанда ономастикалық концептілердің кейбір аспектілеріне тоқтап өткен деп есептеуге болады. Дегенмен, қазақ ономастикасында ономастикалық концептілерге, олардың түрлі мәтіндерде вербалдануының (тілдік, көркемдік қолданысының) тәсілдеріне, заңдылықтарына арнайы зерттеулер, талдаулар жасалынған жоқ.

Фольклорлық немесе кез келген басқа да көркем тілдік мәтіннің тілдік (ономастикалық) әлемі (дүниенің тілдік немесе ономастикалық бейнесі, көрінісі) концептуальдық «әлемнің»

туындысы, көшірмесі болып саналады. Олай болуына мынадай негізгі себептер бар: 1) ғаламның концептуалды көрінісі тілдік көріністен (тілдік санадағы) әлдеқайда ауықымды және бай болып келеді; 2) әлемнің тілдік көрінісі (бейнесі) концептуалды (тілдік емес) көрінісінен туындайды; 3) әлемнің (дүниенің) тілдік көрінісі мәтін түзушінің (адамның, этностың) ментальді ой-өрісіне, санасына, дүниетанымына т.б. байланысты болып келеді. Басқаша айтсақ, мәтін түзуші этностың (автордың) концептуалдық әлемі – «таным әлемі» мәтіндегі (мәтін шеңберімен шектелген) «көркемдік әлемге» айналады. Ал мәтіннің сол көркемдік әлемінде оның құрамдас бөлігі ретінде «ономастикалық әлем» өз орнын тапқан.

Қазақ мәтінінің құрылымын зерттеушілердің бірі Ж.Қайшығұлова «Дискурсты мәтін түзуші – мәтін қабылдаушы – үшеуінің тұтастығының негізінде қарастырған жөн», - деп есептейді [2]. Осындай тұжырым-түсінік тұрғысынан ономастикалық концептілердің вербалдануын және басқа қызметтік-сипаттарын қарастыратын болсақ, ономастикалық концептілердің мәтіннен бұрынғы, мәтіннен тыс концептуалдық жүйедегі орны мен сипаты, мәтіндегі көрінісі, вербалдануы және мәтіннен кейінгі қабылдаушының санасындағы, ой өрісіндегі көрінісі мен қызметі жан-жақты талдануы керек. Дискурстағы ономастикалық концептілердің табиғаты мен қызметін осы триадалық (мәтін түзуші – мәтін қабылдаушы) тұтастықта сипаттау арқылы ономастикалық концептілердің мәтіндегі, мәтіннен тыс (мәтін түзушінің және мәтін қабылдаушының) когнитивтік таным шеңберлеріндегі қызметін айқындаймыз.

Ономастикалық концептілердің фольклорлық мәтіндерде вербалдануын аталмыш концептілердің жеке-жеке түрлерінің негізінде байқауымызға болады немесе мәтін кеңістігінде көрініс тапқан барлық (концептосфералық) ономастикалық концептілер арқылы да талдауға болады.

Ономастикалық концептілерге және де олардың тілдік, көркемдік көріністеріне бай қазақ эпосында оқиғаның өрілуі мен дамуы көбіне жыр кейіпкерлеріне байланысты. Эпикалық кейіпкерлер (*Қобыланды* мен *Құртқа*, *Алпамыс* пен *Гүлбаршын*, *Ер Тарғын* мен *Ақжүніс*, *Қамбар* мен *Назым*, *Қозы* мен *Баян*, *Жібек* пен *Төлеген* т.б.) антропонимиялық концептілердің ментальді өрісінің түп қазығы, лингвоментальді ақпараттардың жинақталатын когнитивтік өзегі, халықтың адам (батыр, ер, әйел т.б.) хақындағы ментальді және эстетикалық, символикалық т.б. көзқарастары көрініс табатын басты бейнелері (образдары) болып табылады.

Қаһармандық эпостардың басты кейіпкері – эпикалық батыр. Эпикалық батыр есімінде және есім төңірегіндегі когнитивтік кеңістікке енетін тілдік қолданыстар (эпитет, оқиғаларды суреттеу, аты (тұлпары), қару-жарағы, батырлығын суреттеу т.б.) тұтасымен антропонимиялық концептінің ментальді шеңберіне кіреді, сонымен қоса антропонимиялық (ономастикалық) концептінің мәтіндегі вербалдануы болып табылады. Антропонимиялық және басқа да ономастикалық концептілер мәтіндердің қай түрінде болмасын жалқы есімге (және оның денотатына) байланысты тілдік қолданыста ономастикалық концептінің вербалдануы болып есептеледі.

Тағы бір ескеретін жай: ономастикалық концептілердің түрлері тілдік қолданыста (мәтінде) кейде кешенді түрде бір-бірімен қабысып беріледі, себебі танымдық көріністер кешенді түрде қалыптасады және дүние туралы ментальді түсініктерді кешенді (тұтастық) түрде дискурста көрсетеді.

Қара қыпшақ Қобыланды,
Атасы мұның Тоқтарбай.
Көздікөлдi жайлаған,
Қалың қыпшақ жағалай.
Қыс қыстауы – Қараспан,
Қараспан көкке таласқан.
Әліп таңба қыпшақтың
Атағы озған алаштан.

Осы келтірілген үзіндіде бірталай когнитивтік ақпарат келтірілген, оларды кем дегенде екі-үш ономастикалық концептілерге телуге болады. Тілші ғалым Е.Жұбановтың төмендегі пікірі әбден құптарлық: «Осы азғантай үзіндінің өзінде қаншама мәлімет жатқандығына көз жүгіртсек, бұдан, біріншіден, батырдың аты Қобыланды, әкесінің аты Тоқтарбай екенін, жаз жайлауы Көздікөл, қыс қыстауы Қараспан тауы болғандығын, Қараспанның биіктігі аспанмен таласатынын, қара қыпшақтардың атағы алаштан озған қалың жұрт екенін, олардың рулық белгісі, яғни, елтаңбасы– әліп таңбалы болып келетінін көреміз [3].

Ал енді осы үзіндідегі (дискурстағы) «қара», «қыпшақ», «Қобыланды», «Тоқтарбай», «Көздікөлді жайлаған», «қыс қыстау», «Қараспан», «әліп таңба», «алаштан» сияқты сөздердің концептілік ментальді өрісін кеңейте және тереңдете көрсетсек, қазақ этносының дүниетанымдық және этномәдени, шаруашылық, рухани шексіз әлеміне еніп кеткен болар едік. Осы вербалданған концептілердің ар жағында мындаған жылдар бойы қалыптасқан, жинақталған қазақ халқының басып өткен өмір тәжірибесі, рухани әлемі, дүниетанымы, жалпы этностық болмысы сайрап жатыр десек те болады. Осы үзіндіден кешенді түрде берілген концептілердің жиынтығы қазақ ғаламының тілдік көрінісін беріп тұр. Келтірілген тілдік көрініс концептуалды (тілдік емес, бейтілдік) көріністің мәтіндегі проекциясы немесе көшірмесі болып табылады, ал дискурстық триадальқ «мәтін түзуші – мәтін қабылдаушы» тұтастық тұрғысынан қарайтын болсақ, осы тілдік көрініс (вербалді проекция) мәтін түзушінің ментальді-когнитивтік өрісінің тілдік айғағы іспеттес. Әрине, осы қазақ ғаламының тілдік көрінісі мәтінді қабылдаушы тұрғысынан әр түрлі деңгейде қабылданады деп айтуымызға болады. Мәселен, «шынайы қазақ» осы дискурстан қазақ әлемінің көрінісін таныса, мәңгүрттенген «шала» немесе «ада болған» қазақ бұл үзіндіден түк те түсінбеуі әбден мүмкін, себебі мәңгүрт қазақтың ментальді ой-өрісінде бұл концептілер мүлдем жоқ.

«Қобыланды батыр» эпосында вербалданған ономастикалық концептілердің төркінінің этникалық сана аясында туып қалыптасқанын ескергеніміз жөн. Эпостану ғылымында эпикалық кейіпкерлердің есімдерін белгілі немесе бейтаныс тарихи тұлғалармен сәйкестендіру үрдісі орын алғаны белгілі, бірақ сол «тарихи есімдердің», антропонимдердің түп-төркінінде өрісі кең және өзегі тереңде жатқан халықтың өмірі мен танымы жатқанын ескеруіміз керек. Кейде белгілі бір фольклорлық антропонимнің немесе топонимнің этимологиясына немесе мағыналық сипатына талдау жасағанда поэтикалық қызметі аса бағаланады да, сол есімдерге қатысты ономастикалық концептілердің бағалы да шынайы танымдық ақпараттары ескерусіз қалады. Фольклорлық есімдердің «тарихи-жағрафиялық», «этникалық» (ал біздің терминология бойынша – «концептілік» деп те қолдануға болады – Т.Б.М.) сипатын анықтауда «тарихи» және «поэтикалық» мектептердің өрісі жетпейтіндігі анық. Бұл жәйт жөнінде фольклоршы ғалым Т.Қоңыратбай былай жазады: «Эпостағы мұндай атауларды игеруге келгенде «тарихи мектеп» қайшылықтарын алға тартып, көбіне қаһармандық жырлардың көркемдік келбетін асыра бағалайтын поэтикалық таным топонимдердің тарихи болмысына тереңдеп бара қоймайды. Олардың тарихи-жағрафиялық һәм этникалық сипатын анықтауға тарихи поэтиканың да өрісі жетпеді. Себебі бұл ғылыми-әдістемелік арна да эпостағы топонимдік атаулардың типологиялық белгілерін төңіректеп, көркемдік деңгейімен шектеліп отырды. Мұның өзі қазақ эпосында толып жатқан жер-су атауларының этникалық сана аясында туып, қалыптасатынын мүлде ескермеуден туған құбылыс болатын» [4].

Т.Қоңыратбайдың жер-су аттарының этникалық сипатына мән берудің маңыздылығы жөнінде айтылған ой басқа да онимиялық бірліктерге (антропонимдерге, этнонимдерге, онимдерге т.б.) тікелей қатысы бар. Ономастикалық концептілердің мәтін кеңістігінде, дискурста вербалдануы мәтін құрылымындағы этникалық болмыстың сипаттарын ашуда үлкен мүмкіндік береді. Ал аталмыш этникалық болмыс немесе әлемнің тілдік көрінісі көп жағдайда имплицитті түрде (кодталған, суггестиялық формада) болғандықтан сол көріністі, концептуальді танымды жалқы есімнің этимологиясынан немесе мәтіндегі көркемдік

қолданыстан, поэтикасынан табуға болады. Жалқы есімнің этимологиясы ономастикалық концептінің танымдық құрылымынан ақпарат беретін болса, жалқы есімнің поэтикасы мәтін түзушінің (автордың немесе этностың) дүниетаным, этникалық таным, ментальді сипаттарынан хабардар етеді. Осындай концептілік ментальді құрылымдар ономастикалық тұлғаның лингвоментальді өрісінде, кеңістігінде, жадында сақтаулы болады немесе арнайы жүргізілген ғылыми ізденіс-зерттеулер арқасында айқындалып, сипатталып, дәйектелуі мүмкін.

Мәселен, *Қобыланды* есіміне қатысты антропонимиялық концептінің ментальді құрылымдық сипатын осы есімнің этимологиясынан да, эпикалық жыр мәтіндегі поэтикалық қолданысынан да байқауға болады. «Қатардағы» ономастикалық тұлға *Қобыланды* есімімен, әрине, таныс, себебі бұл есім ұлттық прецедентті антропонимдер қатарына жатады. Қазақ реципиенттерінің көбінде *Қобыланды* антропонимі «эпикалық батыр», «үлкен күш иесі, қаһарман» сынды танымдық коннотацияларымен байланысты болып келеді. Осы коннотацияларды дәйектейтін эпикалық жырдың өзінде көптеген теңеулер, батырды суреттейтін гиперболалық қолданыстар бар. Мысалы, *арыстан туған Қобылан, батыр Қобылан, Қобыланды батыр, Қобыланды деген ері бар, білемін, Қобылан, данасын!; Қобыландай бөрінің, артық туған Қобыланды, Қайсар Қобылан шеріміз, мойнын бұрды Қобылан нар т.б.* Антропонимиялық *Қобыланды* есіміне байланысты бұл вербалды қолданыстар мәтін түзушінің және мәтін қабылдаушының ментальді кешенінде өз орны мен сипаты бар болғандықтан жоғарыдағы коннотациялардың туындауы заңды құбылыс. Ал *Қобыланды* фольклорлық антропонимімен байланысты басқа сипаттағы коннотациялар (ұғымдық мағыналар, түсініктер) осы есімнің ішкі формасына да қатысты болып келеді.

Қазақ фольклорында батырларды бөріге, арыстанға, жолбарысқа, нарға теңеу көркемдік дәстүрлердің бірі болып саналады. Осындай дәстүрге байланысты зерттеуші Ә.Жұбанов *Қобыланды* антропонимінің түбірін *Қабылан*, яғни, «жолбарыс» деген сөзбен байланыстырады [5]. Осы этимологиямен қатар Е.Жұбанов «*Қобыланды*» есімінің басқа этимологиясын алға тартады. Ғалым *Қобланды (Қобыланды)* фольклорлық антропонимнің жасалу жолын былайша тарқатады: *құба оғлан, қоб(а) оғлан, қоба(ғ)лан, қобұлан, қобылан. Қобылан(ды)* есінде *ы(лан)ға* айналып кеткен бастапқы сөз «*ұғлан*» Е.Жұбановтың пікірінше «бола, ұл» мағынасын көрсетеді, ал «*Қобыланды*» есіндегі *құба (қоб)* жоғарыда айтылған *құба жон, құба төбел* деген заттың түрі мен түсін білдіретін сияқты емес, рудың атын білдіретін сөз, ру атауы мағынасында айтылып тұр» [5]. Осы және жоғарыда келтірілген Е.Жұбановтың пікіріне келісе отырып Т.Қоңыратбаев өз тұжырым-түйінін былай келтіреді: «Осы негізде «*Қобыланды*» антропонимінің түп-төркіні қыпшақ деген мағынада қолданылған «*құба*» және батыр, бала, ұл деген ұғым беретін «*ұғлан*» сөздерінің қосындысынан жасалған деген ғылыми болжам жасауға болар еді. Дәлірек айтар болсақ «*Қобылан*» сөзінің төркінін этнонимдік тұлғадан жасалған «*Құбаұғлан*» тіркесінен тудыруға толық негіз бар. *Құбаұғлан – Қобұлан – Қоблан – Қобыланды* бұл антропонимнің жолдарын байқатуға тиіс. Сонда ол «қыпшақ ұлы», дәлірек айтқанда «қыпшақ елінің батыры» деген семантикалық мағынаға ие болмақ» [6].

Қыпшақтардың бір тарихи кезеңдерде *құман, қобан* сияқты этнонимдік атаулармен белгілі болғанын ескерсек және қазақ антропонимиясында *Құбығұл, Құман* т.б. кісі есімдері бар екенін есепке алатын болсақ, жоғарыдағы Е.Жұбановтың, Т.Қоңыратбайдың *Қобыланды* есіміне байланысты этимологияларымен келісуге де болатын сияқты.

Келтірілген этимологиялар талданып отырған антропонимиялық концептінің лингвоментальді өрісіне де сай келіп тұр. Фольклорлық мәтінде *Қобыландының* қыпшақ (қара қыпшақ) батыры екенін төмендегі жыр тіркестері дәлелдейді: *қара қыпшақ Қобыланды, атасы мұның Тоқтарбай*. Бір қызығы, қыпшақтар шежіресінде *Тоқтарбай* Бектемірден тарайтын тармағына қосылады, Тоқтарбайдан – Ойбас пен *Қобыланды* туылған [6]. *Қобыландыға* қатысты осы этимологиялық, тарихи-шежірелік қисындар гипотезалық

(болжамдық) түрінде болғанымен, лингвоментальді, когнитивтік тұстары қазақтың этникалық-ментальді когнитивтік өрісіне сай келеді. Қазақ халқының этногенезіне тікелей қатысты көне тайлардың, қыпшақтардың тайпалық жыры «Қобыланды батыр» тереңде жатқан қыпшақ, қият, Қызылбас және бертіндегі қазақ, қарақалпақ этнос – тайпаларының этноментальді табиғатынан көптеген мағлұматтар бере алады. Осындай этноментальді (когнитивтік) ақпараттарды көріп отырғанымыздай, ономастикалық концептілердің мағыналық өрісінен де табуымызға болады.

Ономастикалық концептілердің көркем мәтінде вербалдануының бір түрі – фольклорлық антропоним иесін (эпос немесе басқа фольклорлық), кейіпкерді суреттеу принциптерінің, көркемдік әдіс-тәсілдері деп есептейміз. Қаһарманды суреттеудегі тілдік, көркемдік тәсілдер фольклор поэтикасына жатқанымен, оған қосымша олардың концептілік, яғни этнотанымдық табиғаты да айшықтанып, мәтінде, мәтін түзушіде, мәтін қабылдаушыда өз ментальді көрінісін береді [7].

Эпикалық қаһармандарды (*Қобыланды, Алпамыс, Қамбар батыр, Ер Тарғын т.б.*) біріктіретін негізгі сипаты – олардың ерлігі, батырлығы, орасан күші. Осындай қасиеттерге ие болған эпикалық батыр – ел қорғаны. Қаһармандық эпостардағы эпикалық батырлардың бейнесі тек көркемдік образдар арқылы ғана танылмайды, сонымен бірге этнос менталитетіндегі этноментальді идеал, қазақтың танымдық тұлғасы, себебі халық танымындағы батыр – осы эпикалық батырдың сипаттарымен сәйкестендіріле танылады. *Қобыланды, Алпамыс т.б.* деген есімдерді есіткенде қазақтың ментальді когнитивтік өрісінде «ел батыры – қорғаны, алып күш иесі, ержүрек азаматы т.б.» танымдық түсініктер, ұғымдар пайда болады. Ал енді осындай ментальді құрылымдардың мәтінде (мәтін түзушіде, мәтін қабылдаушыда) пайда болуын ономастикалық концептілердің вербалдануы қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы: Зерде, 1995, 302 б.
2. Уәлиев Н. Жұмбақтар жетілер // Жалын, 1988, №3, Б. 105-106.
3. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы: Ғылым, 1978, 260 б.
4. Қоңыратбай Т. Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Алматы: Ғылым, 2000, 264 б.
5. Қазақ шежіресі. Алматы: Ата-Мұра - Қазақстан, 1994, 160 б.
6. Ержанова Ұ. Ұлттық топонимдердің кумулятивтік қызметі. // Тіл деңгейлері және олардың өзара қатынасы. Алматы, 2000, Б. 93-99.
7. Авакова Р. Фразеология теориясы. Алматы: Қазақ университеті, 2009, 292 б.

Аннотация

В статье систематически делается попытка показать вербализацию ономастических понятий в конкретном художественном тексте. Основная цель: выявить и проанализировать некоторые закономерности языковых и вербальных проявлений в тексте антропонимических, топонимических, мифологических концепций в зависимости от типа текста, жанровых и дискурсивных характеристик.

Основная черта, объединяющая героев эпоса (*Кобыланды, Алпамыс, Камбар батыр, Эр Тарғын* и др.) - их героизм, отвага, большая сила, подчеркивается, что казахская познавательная личность должна быть словом. Доказано, что герой народного знания узнается в соответствии с характеристиками этого эпического героя.

Литературные тексты богаты или бедны ономастическими концепциями, разделение текстов в этом смысле, конечно, зависит от наличия или отсутствия ономастических имен в текстах. Как правило, в научных, публицистических официальных текстах в большинстве случаев имена собственные отсутствуют или встречаются редко. Появление собственных имен в художественных текстах (фольклорных, художественных текстах) - показывает характер вербализации ономастических понятий.

Abstract

The article systematically attempts to show the verbalization of onomastic concepts in a specific literary text. The main goal: to identify and analyze some patterns of linguistic and verbal manifestations in the text of anthroponymic, toponymic, mythological concepts, depending on the type of text, genre and discursive characteristics.

The main feature that unites the heroes of the epic (Kobylandy, Alpamys, Kambarbatyr, ErTargyn, etc.) is their heroism, courage, great strength. , it is emphasized that the Kazakh cognitive personality should be a word. It has been proven that the hero of folk lore is recognized according to the characteristics of this epic hero.

Literary texts are rich or poor in onomastic concepts, the division of texts in this sense, of course, depends on the presence or absence of onomastic names in the texts. As a rule, in scientific, journalistic official texts, in most cases, proper names are absent or are rare. The appearance of proper names in literary texts (folklore, literary texts) - shows the nature of the verbalization of onomastic concepts.

ОӘЖ 379.8

Ш.Ж. Турдалиева¹, Д.М. Байгунова¹, К.К. Серікбаева¹, В.С. Содовская²

¹магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²д.п.н., МГИК РФ, Москва, Россия

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРКЕМ ӨНЕРПАЗДАР ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Түйін

Бұл мақалада Қазақстандағы көркем шығармашылықтың қалыптасу тенденциялары анықталған. Көркем өнерпаздар ұжымдары мен қатысушылардың санын үнемдеуде қатысушылардың қажеттіліктері мен мүдделерінің өзгергіштігі ерекше рөл атқарады.

Көркем өнерпаздар ұжымына адамдарды тарту көптеген қатысушылардан көкжиекті ескере отырып, тиімді реттеу туралы ойлануды талап етеді. Тікелей өндіріспен айналысатын адамдар өздерінің өнерге қатысуын жұмыстан кейін демалу мен демалумен, жолдастарымен өндірістік емес қатынастармен байланыстырады. Сондай-ақ, қызметпен бірге көркем шығармашылыққа қосымша қатысу қажеттілігі түсіндіріледі. Байқаудың мақсаты оқушылардың бойында патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеу сезімдерін қалыптастыру, өз елі үшін мақтаныш сезімін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу болып табылады. Көркем өнерпаздар ұжымына қатысушылардың 60 пайыздан астамы өздерінің демалысын белгілі бір шығармашылық ұжымдағы оқу процесінің танымдық мүдделерімен байланыстырады.

Кілттік сөздер: көркем өнерпаздар, тенденциялар, қоғам, ұжым, мораль, мәдениет, жастар театры, рок-клуб, слайд-клуб, әдеби бірлестік.

Әлеуметтік-мәдени және қоғамдық өмірдің өзге де салаларындағы қайта құрудан туындаған қайшылықты үрдістер Қазақстан халықтарының көркемдік шығармашылығы дамуының сандық және сапалық өзгерістеріне әкелді. Онда өнердің ақылы (коммерциялы) болуы, көптеген мәдени-ағартушылық мекемелердің жаңа шаруашылық жүйеге көшуі, экономикадағы нарықтық қатынастардың дамуы, күрделі қоғамдық-саяси құбылыс ұлт-аралық қатынастағы проблемалар үрдістерінің ықпалы да сезіледі.

80-жылдардың екінші жартысында мәдени-ағартушылық мекемелердің материалдық-техникалық базасының дамуы, ондай мекемелер санының жалпы өсуі, «ұйымдасқан»

клубтық өнерпаздар жұмысының белсенділігін жандандыруда күткендей нәтиже әкелгені жоқ.

Мұндай өнерпаздар дамуындағы кейбір «жарқ ету» 80– жылдардың екінші жартысында мәдени–спорттық комплекстер құруға мүмкіндік берді. Аудандардағы мәдени–ағартушылық комплекстер кеңшарлардан айтарлықтай материалдық қолдау алды. Мұның өзі көркем өнерпаздар ұжымдары басшыларының қосымша штаттық санын ұстауға, музыкалық аспаптар алуға мүмкіндік берді[1].

80 жылдардың екінші жартысында Қазақстанда жастардың мәдени орталықтарының қанат жаюы жастар көркем өнерпаздарының дамуына жағдай жасады. Мәселен, Топар поселкесінде жастар клубы базасы негізінде жастардың мәдени орталығы құрылды. Оның басты мақсаты жастар демалысын, көркем шығармашылықты зерттеу және ұйымдастыру болды. Орталық құру қарсаңында біздің тарапымыздан жүргізілген сауалнама барысында 74 сауалға тартылған жастың 81 пайызы аталған орталықтың құрылуы мейлінше қажеттілік деп санады. Осындай орталықтың негізгі құрамдас бөлшегі ретінде жастар театры, рок–клуб, слайд–клуб, әдеби бірлестік аталды. Бұл жастардың көркем шығармашылықпен шұғылдану қажеттілігін нығырлай түседі.

Қазіргі кезеңде осы жастар орталығын көз алдымызға келтірер едік? Аудандық музыка мектебінің жақсы жабдықталған қабатындағы шағын бөлме. Безендірілу жұмыстарының бәрін өз қолдарымен атқарған жастар керемет тапқырлық танытты. Қабырғалар қаланған тастарды көз алдыңызға әкеледі. Жарық шамдар сәулесі нұр шашады [2].

Жарқырағыш музыка, мәрмәр түстес еден және әдемі қойылған орындықтар. Осылардың бәрі жастар қолымен жасалғандықтан да ерекше бағалы бола түседі. Жайлылық пен мерекелік салтанат күйі поселкедегі жаңа тұрғындар мен олардың құрдастарының көңіл күйін бірден баурап алды. Кез келген тілек білдіруші жастардың мәдени орталығының өнерпаздар ұжымына ене алады. Атап айтқанда, дискоклуб, эстрадалық миниатюра театры, жастар театр студиясы, «Әлем және жастар» атты пікір сайыс клубы, туризм клубы олар үшін есігін ашты. Дискоклуб әр апта сайын ақылы кештер өткізілді. Олар тақырыптық, ойын – сауық байқау кеші сияқты сипатта болды. Поселка жастарының есінде «Күзгі оқиғалар» балы, жаңа жылдық бал–маскарад, бірінші сәуірлік әзіл – қалжың кештері сынды өткізілген мәдени іс–шаралар көпке дейін қалары анық. Көпшілік іс–шараларды дайындауға жастар орталығының барлық өнерпаздар ұжымы қатысты [3].

Топар поселкесінің жастар мәдени орталығының театр ұжымдары көркем өнерпаздар байқауына қатысты. Мәселен, эстрадалық миниатюра театры Қарағанды көлемінде өткізілген байқауға арналған бағдарламаны сәтті дайындады. Жастар театр–студиялары тарапынан аудандық үгіт бригада байқауы үшін үгіт бригадалық қойылымдар дайындалды. Жастар орталығы жанынан сонымен қатар дыбыс жазу студиясы құрылды. Онда аз ғана ақы төлеп кеңес және шет елдің эстрадалық, рок, поп–музыкалы ансамбльдерінің әндерін жазып алуға болатынды.

Алайда тұтастай алғанда көркем өнерпаздардың көпшілік сипатында қатысты мәселе әзірге өткір болып қалып отыр.

Қазақстанда Чеканға, ағаш ою, кілем тоқу және өрнектеу, үйді бау – бақша бөлігін әсемдікпен безендіру кеңінен өріс алды. Отбасылық музыкалық ансамбльдер мен театрлардың жаппай пайда болуы, жекелеген ақындық шығармашылықтың белсенділігі де атап өтілді. Қазақ халқының көркемдік мәдениетінің ажырағасыз бөлігі әрқашан да халық аспаптарында музыкалық сүйемелдеу болды десек, оған деген қызығушылық бәсеңдемеуде.

Өзін-өзі ақтайтын көркем өнерпаздар ұжымдарын құру мақсатымен қатар, қазіргі көркемөнерпаздықтың негізі болып табылатын шынайы халық шығармашылығын сақтау, оның «шаруашылық есепте» жоғалып кетпеуін де атап көрсетті.

Ересек адамдардың клубтық мекемелер тарапынан ұйымдастырылатын демалыс шараларына және де оларда көркем қызығушылықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктерінің

деңгейіне көңілі толмайды деп есептейді. Халық көркем шығармашылығын ұйымдастыруға ақылы (коммерциялық) құрылымдар да қосыла бастады. Көркем өнерпаздарға бірінші рет кәсіпкерлер мен демеушілердің іскерлік назары ауатыны туралы сезетіндерін жасырмады.

Қазақстандағы көркем өнерпаздардың қазіргі тенденцияларын сипаттай келе мынадай пайымдауларды айтуға болады [4].

1. «Белгілі бір құлдырауды өткеруде».
2. «Ұжымдар тұрақты емес».
3. «Көркем өнерпаздардың жанрлары тең емес деңгейде дамуда».
4. «Көп жанрлы емес, тар шеңбердегі жанрлар басым».
5. «Аз санды ұжымдар жиірек (15-20 адам)».

Көркем өнерпаздар ұжымдарының қысқаруы адамдардың материалдық жағдайларының өсуі, үйдің жаңа аппаратура мен техникамен жабдықталуы (өкінішке орай, клубтық мекемелер әрқашан да мұндаймен мақтана алмайды); мәдени – ағартушылық мекемелер беделінің төмендігі; оларда өздеріне қажетті көркемөнерпаздықпен айналысуға қажетті жағдайдың жоқтығынан адамдар үй өнерпаздығын қалайды (клубтарға дер кезінде адамдар қажеттілігін анықтап, сәйкес үйірмелерді ұсыну қажет); кейбір ұжымдарға байқаумен қабылдау (оларға тек таланттыларды ғана емес, сонымен қатар өнерге бейімделуді қалайтын адамдарды да алу қажет) сияқты себептермен түсіндіреміз

Ұжымдар тұрақсыздығын мынадай себептермен түсіндіреді:

1. Мамандардың белгілі бір дәрежедегі жоғары біліктілігінің болмауынан туындайтын көркем өнерпаздар басшыларының қажетті деңгейінің жетіспеушілігі.

2. Көркем өнерпаздар қатысушылары санының 80 пайызын 17 мен 25 жас аралығын құрайды. Бұл жастан асқан соң олар отбасын құрайды да белгілі бір қиындықтар туындайды. Жиі өткізілген дайындықтар, үнемі болатын қойылымдар отбасындағы қақтығыстарға әкеп соғады.

3. Көркем өнерпаздар қатысушылары моральдық қолдауға бірден бір лайық бола тұрса да, оларды көтермелеу жоқтың қасы деуге болады. Гастрольдік сапарлар шеңберінің тар өрістігі, басқа шығармашылық ұжымдармен, өнер қайраткерлерімен араласу мүмкіндігінің жоқтығы.

4. Көркем өнерпаздар белгілі бір дәрежеде басшы мамандарға тәуелді. өз кезегінде басшыларға да үлкен талаптар қойылады.

Аталған мәселелермен қатар ұжымдар, мәдениет үйі, клубтар басшылары өздеріне өздері туындататын қиындықтар да бар [5].

Ұжымдағы жағдайдың нашарлауының басты себептерінің бірі жоспарлы жұмыстың жоқтығы болып табылады. Қатысушылардың оқу – тәрбиелік және шығармашылық қызметінің жоспарлары құрылмайды, кейбір ұжымдар кей жағдайларда дамушылық шеберлігінің төмендеуіне ұрындырады.

Көптеген мәдени мекемелерде ұжым қызметі туралы құжаттар көз бояушылық сипатта. Қағаз жүзінде ғана бар кейбір көркемдік кеңестер жұмыстарының жағдайлары да да ойландырмай қоймайды.

Біздің көптеген мәдениет сарайлары, мәдениет үйлері мен клубтар тек балалар көркем өнерпаздарына ған ие екені жасырын емес. Олардың да өз проблемалары жетерлік. Ұжымдарда жұмысшылардың үлес салмағы да мардымсыз.

Көркем өнерпаздар дамуын жақсарту үшін көркем өнерпаздар ұжымдарының басшылары төмендегідей ұсыныстар айтады:

1. Өнерпаздардың материалды базасын жақсарту (55 пайыз).
2. Жоғары білікті маман басшыларды көбірек шақыру (40 пайыз).
3. Клубтық–ағартушылық мекеме әкімшілігі көркем өнерпаздарды дамытуға үлкен назар аударуы қажет (20 пайыз).
4. Көркем өнерпаздар ұжымдарының жарнамасын жақсарту (8 пайыз).

Көркем өнерпаздар ұжымдары мен қатысушылар санының үнемділігінде қатысушылардың қажеттілігі мен қызығушылық мүдделерінің өзгермелілігі ерекше роль атқарады [6].

Өнерпаздар ұжымына адамдарды тартуда қатысушылардың басым көпшілігінің ой өрістерін ескере отырып тиімді реттеуді ойластыруы қажет етеді. Өндіріспен тікелей айналысатындар өздерінің өнерпаздарға қатысуын жұмыстан соң бой сергітуі және демалуымен, жолдастарымен өндірістен тыс қарым-қатынас жасауымен байланыстырады. Сондай – ақ көркем шығармашылыққа қызметпен бірге қосымша қатысу қажеттілігімен түсіндіреді. Мұндай қарым – қатынасты мазмұнды да мағыналы әрі қызықты және де көңіл – күй мен ақыл – ойға азық болатын сипатта қылу – көркем өнерпаздардың басты мақсаты болып табылады.

Көркем өнерпаздар ұжымына қатысушылардың 60 пайызынан астамы өздерінің демалысын белгілі бір шығармашылық ұжымдағы оқу үрдісін танымдық мүддемен байланыстырады.

Мұндай бірлестіктер ресми емес қозғалыстың құрамдас бөлігіне ене отырып, Қазақстанда экономикалық (өнертапқыштар мен өздері жасаушылар қозғалысы; басқару мен шаруашылық реттеудің озық үлгілерін енгізудегі тұтас қоғамдар), табиғат қорғау, мәдениет қорғау, әлеуметтік (отбасылық клубтар), патриоттық - тәрбиелік, фольклорлық – дәстүрлік тағы сол сияқты өмірдің барлық саласын дерлік жаулап алған.

Осы қозғалыс мақсаты белгілі болғанымен, қатысушылардың өздері қойған атаулары біржақты емес. Олардың бір бөлігі өздерін неформальді, ресми емес, тәуелсіз (бұл арқылы «ресмилікке» деген қарам – қарсылық ерекшеленіп көрсетіледі) деп анықтайды. өзгелер өздерінің топтарын қоғамдық, өнерпаздар, өзін-өзі басқару (бұл жерде «жоғарыдан» басқаруға, қамқорлыққа деген қарама-қарсылық ерекшеленіп көрсетіледі) деп атайды [7].

Кейбір бірлестіктер өздерін «дәстүрлі емес» деп атай отырып, бұл арқылы қызметтерінің мазмұны мен амалдарының жаңашылдық қырларын ерекшелемек болады. өздерін көпшілік (любительский) тобы деп атайтын топтар да бар. Олар өз қызметтеріне жастардың әр алуан субмәдени бірлігі, ғылыми-техникалық және шығармашылық зиялылар, студентер қауымы, Ауғанстанда әскери қызметте болған жауынгерлерді, тарихи ескерткіштердің және экологиялық жағдайдың қорғалу жағдайына белсенді ықпал ете алатын адамдардың түрлі топтарының қажеттілігін, қызығушылығын, сұрауларын қамтиды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабиева А.К., Куненова П.С. Театрландырылған қойылымдар драматургиясының негіздері: Оқу құралы. Тараз: Тараз университеті, 2014, 152 б.
2. Жандарбеков Ә.Ә. Театр ұжымының режиссурасы: оқу құралы. Алматы: Еверо, 2009, 80 б.
3. Режиссура: Уч.пособие / Под.редак. Камаловой Н.К. Шымкент, ЮКГУ, 2002, 40 с.
4. Байсеркенов М. Сахна және актер ("Станиславский жүйесі" нәм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). Алматы: Ана тілі, 1993, 336 б.
5. Вершковский Э.В. Режиссура театрализованных представлений. М.: Нестор. История, 2017, 88с.
6. Тоғаев Б.Б. Режиссура өнерінің қалыптасуы. Шымкент: ОҚМУ, 2016, 196 б.
7. Шубина И.Б. Организация досуга и шоу программ. Ростов н/Д: Феникс, 2003, 352 с.

Аннотация

В данной статье определены тенденции формирования художественного творчества в Казахстане. Особую роль в экономии количества коллективов художественной самодеятельности и участников играет изменчивость потребностей и интересов участников.

Вовлечение людей в коллектив самодеятельного коллектива требует от большинства участников задуматься о эффективном регулировании с учетом кругозора. Лица, занимающиеся

непосредственно производством, связывают свое участие в искусстве с расслаблением и отдыхом после работы, непроизводственными отношениями с товарищами. Также объясняется необходимость дополнительного участия в художественном творчестве вместе с службой. Целью конкурса является формирование у учащихся чувства патриотизма, любви к Родине, уважения к государственным символам Республики Казахстан, воспитание чувства гордости за свою страну, уважение к государственным символам Республики Казахстан, воспитание уважения к государственным символам Республики Казахстан, воспитание уважительного отношения к государственным символам Республики Казахстан.

Более 60 процентов участников коллективов художественной самодеятельности связывают свой отдых с познавательными интересами учебного процесса в определенном творческом коллективе.

Abstract

This article defines the trends in the formation of artistic creativity in Kazakhstan. A special role in saving the number of Amateur groups and participants is played by the variability of the needs and interests of participants. Involving people in an Amateur team requires the majority of participants to think about effective regulation based on their horizons. The aim of the competition is to develop in students feelings of patriotism, love of country, respect for state symbols of the Republic of Kazakhstan, a sense of pride for their country, respect for state symbols of the Republic of Kazakhstan, respect for state symbols of the Republic of Kazakhstan, education of respect for the state symbols of the Republic of Kazakhstan. More than 60 percent of participants in Amateur groups associate their recreation with the cognitive interests of the educational process in a particular creative team.

ОӘЖ 379.8

Ш.Ж. Турдалиева¹, Д.М. Байгунова¹, Б.К. Отарбаева¹, В.С. Содовская²

¹магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²д.п.н., МГИК РФ, Москва, Россия

ҚАЗАҚ МЕРЕКЕЛЕРІ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ДАМУЫ

Түйін

Мақалада Орта Азия халықтарының мерекелері, атап айтқанда, отандастар, олардың қалыптасуы, тойлау рәсімдері, дамуы туралы жан-жақты және нақты мәліметтер келтірілген. Полеолит дәуірінің соңғы жылдарында Орталық Азия кеңістігінде алғашқы діни салалардың қалыптасуына байланысты әртүрлі нанымдар пайда болды: тотемизм, фетишизм, анимизм, сиқыр және т.б. және олардың әртүрлі рәсімдер арқылы өмір сүруі: қуаңшылықта – азғыру, Күнге табыну, сәтсіздік кезінде құрбандық шалу, ауруда-бей айтыс немесе пайғамбар. Ежелгі дәстүрлерден басталатын халықтық мерекелер, алғашқы қауымдардың тұрғындары сияқты, қарапайым, бірақ әр иықтың өмірінде болып жатқан барлық нәрсе сияқты, өмірді қалыптастыратын, реттейтін және қалыптастыратын даналық. Ол күнделікті өмірдің құрастырушысы, сыртқы әлеммен қарым-қатынас құралы, Рухани келісім. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар мәдени демалысты ұйымдастырудағы, рухани байытудағы, өз заманындағы адамдарды тәрбиелеудегі әлеуметтік-мәдени жүйенің рөлі туралы айтты.

Кілттік сөздер: Мереке, режиссура, түпкі ой, ұйымдастыру, қойылым, салт-дәстүр, іс-шара, мәдениет, өнер, ерекшелік

«Жастар тойы» деп аталатын тарихта, егер қарапайым адам өзінің түп тамырын білмесе, ол орманда адасқан маймылға тең; егерде ол өзінің тегін білмесе бирюзадан жасалған ұлуға /дракон/ тең; бабалары қалдырған еңбектерді оқи алмаса, ол адасқан бала іспеттес», - деп жазылған. Ұсынылып отырған мақала «бабалар қалдырған еңбектерді» оқи

алатындай, оларды мәдени мұра ретінде сақтай алатындай материалдар жинастырып, заман талабына сай ұсыныстармен қамтыған. «Оқу» деген сөз мағынасын тікелей түсінбеу қажет. Оқылатын мәтін, информация жазба еңбектерден емес, ұлттық мәдениет құбылысының кешенді түрі – мерекелер мен салт-дәстүрлерден алынған.

Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті көптен бері зерттеу нысанына айналған. Саяхатшылар мен дін таратушылар, дипломаттар мен саудагерлер, елшілер мен әскери қызметкерлер, ғалымдар – барлығы да өз дүниетанымы тұрғысынан, танымы мен парасаттылығы жеткенінше қазақтың өмір салтын, оның ішінде мерекелері мен әдет-ғұрыптарын барынша пайымдап бақты, олар үшін экзотикалық мәдениетті суреттеді[1].

Өз ұлты туралы алғашқы жазба мұра қалдырған білімділер ішінен Ш.Уалиханов, Б.Алтынсарин, Х.Қостанаев, И.Ибрагимовтар ұлттық мәдениеттің түр сипатына талдама жасағандар.

1945 жылы құрылған Ш.Уалиханов атындағы Қазақ ССР ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтында Ә.Марғұлан, В.В.Востров, Х.А.Арғынбаев, И.В.Захарова, Д.Х.Кармышева, У.Д.Ходжаева, Х.А.Кауанова, М.С.Муканов, У.Х.Шалекенов еңбектері қазақ халқы туралы этнографиялық қорды құрастырды. Соңғы кездегі авторлар ішінде Ө.Жәнібеков, С.Касиманов, С.Ақатаев, А.Сейдімбек, С.Кенжахметовтер жазған еңбектер қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің кеңінен қарастырылып, насихатталуына қосқан үлестері зор.

Қазіргі кезде этнография, философия, мәдениеттану тұрғысынан қазақ мәдениетінің әртүрлі қырын зерттеушілер арасында Н.Э.Масанов, К.Ш.Шуленбаев, Б.Ибраев, А.Т.Толеубаев, А.И.Мухамбетова, С.И.Аджигалиев, Б.Г.Нуржанов, З.Ж.Наурызбаева, Т.Х.Габитов, А.Б.Наурызбаева, А.А.Галиев, А.Б.Калышев, Т.Асемкулов, т.б. еңбектері ғылымда өз орынын алғандар.

Қазақ халқы дәстүрлі мәдениетінің этнопедагогикалық тұстарын А.А.Қалыбекова, Г.Ұзақбаева, Н.К.Камалова кеңінен зерттеген.

Кез келген ұлттың мәдениетін зерттегенде ұзақ уақыт материалдық мәдениет пен рухани мәдениет бөлек қарастырылған. Қазақ мәдениетінде ол ұғымдардың біртұтастығына назар аударғандар Б.Ибраев, Н.Шаханова, А.Т.Толеубаев.

Қазақ салт-дәстүрлерінің мәдени астарын біртұтас тұрғыдан қарастырған Ж.К.Каракузова мен М.Ш.Хасанов өз еңбектерін дәстүрлі отбасылық әрекеттермен шектеген [2].

Қазақ тұрмыс-тіршілігі отбасылық өмірі мен еңбегі, табиғатпен етене үндесуімен, сол ұмтылысқа жетудегі қуанышымен сипатталады. Ендеше сол қуанышын білдіретін тек отбасылық дәстүрлі әрекеттер ғана емес, олар шаруашылыққа да, табиғат құбылыстарына да байланысты. Олай болса, қазақ халқының дүниетанымы тек киген киімі мен ішкен тамағына, отбасылық салт-дәстүрлерінде ғана емес, бар болмысында сипат алған. Бабаларымыздан басталып бүгінгі ұрпаққа жеткен мерекелер мен салт-дәстүрлер көшпенділер дүниетанымының материалдық және рухани қорын сақтаған синкреттік құбылыс.

Мерекелер мен салт-дәстүрлер арқылы мыңдаған жылдар бойы жеке адам, ұлт туралы қоғам үшін маңызды мәдени құндылықтар қалыптастырылып, ұрпағына жеткізіп отырылды. Мерекелер мен салт-дәстүрлер құрылымының мән мағынасы мәдени құндылықтар мен қоғамдық өмір нормаларын ұрпағына жеткізуге бағытталған. Сондықтан мерекелер мен салт-дәстүрлер мәдени құбылыс ретінде нормалық-құндылық негіз құрайтын, жинақталып, сақталып, сабақтастығын жалғастырып отыратын мәдени информацияның «қоймасы» деп саналса да болады.

Мерекелердегі ұлттық дүниетанымды бейнелейтін мәдени информация барлық құрылым элементтеріне де тән екенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Олар: мерекелеу барысында атқарылатын рәсімдік амалдар - әрекеттік элемент; арнайы айтылатын сөз бен орындалатын ән мен жыр – вербалдық элемент; арнайы қолданылатын бұйымдар –

атрибутивтік элемент; тұтынушының әлеуметтік орынын белгілейтін тамақ пен киім – материалдық элемент [3].

Қазақ мерекелері мен салт дәстүрлерде жинақталған ұлттық дүниетанымды білдіретін астарлы информацияның мәніне сипаттама беріп көрелік. Өйткені психологтардың пайымдауынша қандай да болса әрекетке адамды жетелеу үшін, ол әрекеттің адамды қызықтыратындай, мән – мақсаты ұғымды, болашақта қолдана алатындай болуы шарт. Ендеше ұлттық болмысын сақтаймын деушілер үшін сана елегінен өткізіп, қажеттілігін түсіну үшін мерекелер мен салт-дәстүрлердегі символдық информацияны «оқытып» көрелік.

Қазақ мәдениетінде салт-дәстүрлік әрекеттер ерекше орын алады. Оның себебі қазақ халқының өмір салтының өзгешелігінде. Ол өзгешеліктер Қазақстанның географиялық орналасуынан бастап, көпұлтты мемлекеттің мәдениет саласында ұстанған саясатына да, тағы да басқа әлеуметтік және саяси факторларға байланысты.

Алғашқы дәуірде қоршаған ортаны игеріп, тіршілік көзін қалыптастырудан бастап, адамзат алдымен өзін-өзі қорғау, сақтану әрекеттерін амалдастырған. Сол тапқырлығы мен күш қуатының арқасында тірі қалып, апаттардан, дүлей күштерден аман қалу жолдарын қарастырған. Солардың бәрі адам санасында қауіптің алдын алу қажеттігі мен табынушылық сезімінің қалыптасуына әкелді. Сонымен, салт-дәстүрлер қауіптен сақтану мен табыну әрекеттері арқылы тіршілік сабақтастығын реттеуден бастау алып, өмірлік әрекеттердің барлық салаларын қамтыған [4].

Ата-бабаларымыз үшін шекара тұтастығын, халық бірлігін сақтау көздеген басты мұрат болғандықтан, соған лайықты өмір тәртібін де орната білген, ұрпағына айнымас мұра етіп қалдырған қасиеті. Сонымен бірге, қазақ халқының ұстанған ішкі даму саясатының бірі – жеке тұлғаны қастерлеп, оның бойындағы адами қасиеттерді дәріптеу, үлгі тұту, ұрпағына өнеге ету. Бұл әлеуметтік күрделі мақсатқа жету үшін де халықтық той- мерекелер мен салт-дәстүрлер қалыптастырылған. Ел ырысын сақтау үшін, оны сырт шапқыншыларға таптатып, ата-баба қанын есіл етпеу үшін де батырлық, елдік, ерлік сабағынан өткізер салт-дәстүр мен жөн-жоралғылар пайда болған.

Дербестікті сақтап, өзіндік орта құру, оның өзгелер алдында абыройлылығы жеке тұлғалық қасиеттерге байланысты екенін, адам дүниедегі ең алып та алпауыт күш екенін біліп- байқаған бабаларымыз, адам бойындағы қабілет-қасиеттерді қалыптастыруға арналған салт-дәстүрлер ойластырып, философиялық, психологиялық, педагогикалық ұғымдары айқын далалық ғылым негізін қалыптастырған.

Көшпелі халықтың өзгелермен қарым-қатынас жасап, тіл табысуы тек өз аты емес елге танылар жасқа келген ұл-қызы үшін да абырой жолына бастама болғандықтан өзге халықта кездеспейтін көші-қоны салт-дәстүрлерінің пайда болу тамыры жатыр.

Әр халықтың өмір салтын қалыптастырушы шаруашылық бағыты. Қазақтың ішер-жері, киер киімі, қоныс-мекенінің жабдығы, үй болып отандасу үшін қалыңын төлеп, той қамын жасауы, ел аралап жер көруі, тіпті бәйгіге шауып мақтан тұтары да – мал. Шаруашылық көзі, тіршілік нәрі – бәрі мал шаруашылығына байланысты. Сол себептен де қазақ салт-дәстүрлері ішінде мал шаруашылығына байланыстылары, оның ішінде шаруашылыққа бейімдеу мен тәрбиелеу үлгілерін тарату мақсатында қалыптасқандары дараланып тұрады [5].

Ал ең бастысы, осы аталған бағыттардың қай-қайсысында да қоғамдық- мәдени даму кезеңдерінің бәрінде де адам өміріндегі басты уақығаларды атап өту қажеттігі салт-дәстүрлер мен той-мерекелерді туындатты. Ол табиғат құбылыстарының өзгеруі, еңбек табыстары, көңіл-күйдің салтанатты қуынышы мен қайғылы-қасіретті кезеңдеріне байланысты ұймдастырылған. Осындай эмоционалдық талпыныстан дәстүрлік мәдениет бастау алып, мерекелер қалыптасуына ықпал етіп, әлеуметтік-мәдени өмірдің басты формаларының біріне айналған.

Қоғам дамуы барысында мерекелер әлеуметтік өмірдің тұрақты компоненті болып енді. Мерекені уақытша жұмақ кезеңі деп ұғынуы да сондықтан шығар. Әл Беруни мерекені «адам

өміріндегі маңызды кезең» десе, Махмуд Қашғари – «бұхаралық қуаныш пен ойын- сауық күні», - деп атаса, Омар Хайям «жұмақты уақыт», - деп айтқан.

Мерекелер этностың өмір салтына айналып, өмір мәнін образдық формада бақыт туралы халық ұғымын сипаттайды [6].

Археологтар, тарихшылар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар пайымдауынша мереке мәдениеттің ең көне формаларының бірі. Мәдениет тарихын зерттеуші, атақты ғалым М.М.Бахтин ойынша «мереке қандайы да болмасын -- адамзат мәдениетінің алғашқы формасы». Мереке зерттеуші ғалымдардың алғашқысы Д.М.Генкин –«мерекелердің терең тамыры адамзаттың балалық шағынан бастау алады», - дейді. Той-мерекелердің туындау көзін қарастырған кезде тек қана бір этностың бастау көзін зерттеп үйрену мүмкін емес, өйткені біз тарих тереңіне бойлаған сайын халықтар арасындағы белгілер мен айырмашылықтардың іздері де сол ғұрлым өше береді. Сондықтан белгілі бір халықтың, ұлттың, этностық мерекелерінің бастауын, қайнар көзін тұтас тарих тереңінен және тарихи тағдыры ортақ немесе жақын халықтардың тарихынан іздестіру қажет.

Осы орайда мерекелердің пайда болуы мен даму процесі көне халықтарда айқын көрінеді. Мерекелердің ізін бізге дейін жеткен көне жазбалардан, археологиялық мәліметтерден, мифтер мен аңыздардың мазмұнынан кездестіруге болады. Олардың мазмұнына қарап мерекелердің көне замандардан-ақ кең тарағанын және қоғамда үлкен өзіндік орынға ие болғандығын көруге болады. Осы ретте Орталық Азия халықтары, әсіресе қазақ халқы, өте бай мағыналы, мерекелік-дәстүрлік мәдени мұраға ие.

Қазақстанның барлық өңірінде кездесетін жартас суреттерінен шаттана билеп жүрген қауымның, шалқи үн қатқан сыңайындағы адамның небір таңғажайып кескіндерін көруге болады.

Гомердің «Одиссейінде» Аспазия деп аталатын көшпенділер жерінің «биенің сүтімен қоректенетін» тұрғындарының өмірі, тіршілігі жайлы мәліметтерді кездестіруге болады. Бұндай мәліметтерді көне грек тарихшысы, тарих атасы атанған Геродоттың еңбектерінен, Страбонның географиялық жазбаларынан, тіпті көне Грецияның мифтері мен аңыздарынан кездестіруге болады. Гомердің «Одиссейінде» Аму-Дария мен Сыр- Дария аралығында жасайтын скифтер жайлы, массагеттердің тұрмысын түсіндіру әрекеттері жасалынған. Қытай шежірелерінде көшпелі түркілердің мәдениеті жайлы деректер бар [7].

XIII-XV ғасырлар арасында қазақ даласын басып өткен Плато Карпини, Гильом де Рубрук, Марко Поло сияқты саяхатшылар жазған/ Плато Карпини мен Гильом де Рубруктің жасаған саяхаты нәтижесінде Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері жайлы өз заманына сай тың мәліметтер береді. Осылардың тәркініне үңіліп, көптеген құнды да маңызды мәліметтер алуға болады. «Дунайдан тартып күншығысқа қарай созылып жатқан скифия жерінің» тұрғындарының үйлену, әменгерлік, дінге табыну рәсімдерін, шаруашылық және басқа да мерекелік дәстүрлерін сипаттап көрсетті.

Парсылардың және Орта Азиядағы соғды, хорезмді мекендейтін халықтардың мерекелері жайлы тарихи дерек көзі ретінде энциклопедист-ғалым әл-Берунидің /X-XI ғасыр/ еңбектерін ерекше атап өту қажет. Мұнда Орта Азия халықтарының, атап айтқанда соғдылықтыр, хорезмдіктердің мерекелері, олардың қалыптасуы, тойлану рәсімі, дамуы жайлы жан-жақты да нақты мағлұматтар келтірілген.

Ұлттық мерекелердің туындау түп-төркінін қарастырғанда, оның туындау төркінін іздестіруді мифтер мен аңыздарда, әсіресе тарихшылардың келтірген деректерінен бастауға есте болмайды. Мұндай дерек көздері тарих үшін синхронды мәнге ғана ие. Себебі ешбір халықтың рухани мәдениеті еш уақытта сырт жолаушыға мақтану үшін жасалмайды. Демек, батыс, шығыс жолаушылары, тарихшылары қалдырған деректеріне сол кезеңнің бір айғағы ретінде ғана назар аударуға болады.

Мерекелер адамзат алғаш пайда болып, табиғатпен тығыз қарым-қатынасқа түсе бастаған алғашқы кезеңдерінен бастау алады. Адамзат қоғамының әлеуметтік өмірі мен дамуының құрамдас бөлігі балған той-мерекелердің туындауын және дамуының сол қоғамның табиғи, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерінен іздестіруіміз керек.

«Бардан жоқ болмайды, жоқтан бар пайда болмайды» деген тұжырым бәрімізге белгілі. Табиғаттағы секілді қоғамда да, адамзат өмірінде де ешнәрсе өздігінен, жоқтан пайда болмайды. Яғни Аристотельдің сөзімен айтсақ «Ешнәрсе кездейсоқ болмайды, бірақ пайда болуын кездейсоқтыққа жатқызатын барлық нәрселердің белгілі себебі бар. Ол себеп табиғат»./Аристотель. Физика/

Мерекелердің даму жолдары көне халықтар тарихынан анық байқалады. Қазақ халқының мерекелері мен салт-дәстүрлері бай да тұрақты салт-дәстүрлік, той-мерекелік әрекеттерімен дараланады.

Алғашқы мерекелердің бірі болып аңшылар ойыны аталады. Олар аң аулауға дейін де, оның сәтті аяқталғаннан да кейін салтанатты қуаныш іс-шара ретінде атқарылған.

Орта Азия кеңістігінде полеолит дәуірінің соңғы кезеңдерінде алғашқы діни салалар қалыптасуына байланысты түрлі нанымдар пайда болады: тотемизм, фетишизм, анимизм, магия т.б. Олар түрлі рәсімдер арқылы тіршіліктен орын алған: қуаңшылықта – тасаттық жасау, күнге табыну, сәтсіздік сәттерде құрбандық шалу, ауру-сырқауда бәдік айтыс немесе зікір салу т.б. Көне салт-дәстүрлерден бастау алған халықтық мерекелер алғашқы қауым тұрғындары сияқты қарапайым болса да, әр тайпа өмірін реттеуші, қалыптастырушы данагөйлік көрсеткішіне іспеттес. Ол күнделікті тіршілік әрекеттерін құрастырушы, қоршаған ортамен қарым – қатынас жасау, рухани үйлесімдік табудың құралына айналған. Салт-дәстүрлік әрекеттер мәдени демалыс ұйымдастыруда, рухани баюда, өз заманының адамдарын тәрбиелеуде аса құнды әлеуметтік-мәдени жүйе ролін атқарды. Салт-дәстүрлер мен той-мерекелер негізінде халық шығармашылығының түрлері дамып шыңдалды, сол жиын- тойларда айтылып, орындалып ауызша жатталып, әр тарапқа тарқайды: ән, жыр, күй, терме, би, айтыс т.с.с.

Аталған бағыттағы салт- дәстүрлер толығымен бүінгі күнге дейін жетуі мүмкін емес еді. Бұл ұқыпсыздықтан туындаған жағдаят емес, ол өмір заңдылығы. Мәдени мұраның сақталу тәртібі. Сана мен мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениеті мен тұрмыс салты өзгеруіне байланысты реттеуші құралдар да өзгеруі тиісті. Ол заңдылық.

Салт-дәстүрлік әрекеттердің қалыптасып, өміршең болуының тағы бір себебі оның рухани-эстетикалық орта мен ұлтты дараландыратын, танымы мен тағлымын танытатын символдық рәсімдер мен белгілер. Ұлттың дүниетанымы мен рухани құндылықтарының басты белгілері ретінде наным-сенімдер мен қатаң тиюлар арқылы сақталу тәртібі жойылмай келген мұра. Дүниетаным заман ағымына сай өзгерістерге ұшыраса да, табынушылықтан ғылыми дәлелдемелерге бетбұрыс жасалып, көбінің мән-мағнасына өзге сипат берілсе де, салт-дәстүрлердің тіршілік айналымынан орын алып келе жатқаны да сондықтан деп түсінуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Байсеркенов М. Сахна және актер ("Станиславский жүйесі " нәм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). Алматы: Ана тілі, 1993, 336 б.
2. Вершковский Э.В. Режиссура театрализованных представлений. М.: Нестор. История, 2017, 88с.
3. Жандарбеков Ә.Ә. Театр ұжымының режиссурасы:оқу құралы. Алматы: Еверо, 2009, 80 б.
4. Қабиева А.К., Куненова П.С. Театрландырылған қойылымдар драматургиясының негіздері: Оқу құралы. Тараз: Тараз университеті, 2014, 152 б.
5. Режиссура: Уч.пособие / Под.редак.Камаловой Н.К. Шымкент, ЮКГУ, 2002, 40 с.
6. Тоғаев Б.Б. Режиссура өнерінің қалыптасуы. Шымкент: ОҚМУ, 2016, 196 б.
7. Шубина И.Б. Организация досуга и шоу программ. Ростов н/Д: Феникс, 2003, 352 с.

Аннотация

В статье представлены всесторонние и точные сведения о праздниках народов Средней Азии, в частности, сограждан, их становлении, церемонии празднования, развитии. В последние годы эпохи плеолита на центральноазиатском пространстве возникли различные убеждения, связанные с формированием первых религиозных сфер: тотемизм, фетишизм, анимизм, магия и т. д. и их существование через различные процедуры: в засушливости – искушение, культ Солнца, жертвоприношение в момент неудачи, в болезни-бей айтыс или пророк. Народные праздники, начинающиеся с древних традиций, как и жители первых общин, являются обычными, но как и все, что происходит в жизни каждого плеча, как и мудрость, формирующая, регулирующую и формирующую жизнь. Он является составителем повседневной жизни, средством общения с окружающим миром, духовной гармонии. Традиции и обряды рассказывали о роли социально-культурной системы в организации культурного досуга, духовного обогащения, воспитания людей своего времени.

Abstract

The article provides comprehensive and accurate information about the holidays of the peoples of Central Asia, in particular, fellow citizens, their formation, celebration ceremonies, and development. In the last years of the poleolithic period, various beliefs related to the formation of the first religious spheres emerged in Central Asia: totemism, fetishism, animism, magic, etc. and their existence through various procedures: in aridity – temptation, Sun worship, sacrifice at the moment of failure, in illness-Bey aitys or the prophet. Folk festivals that begin with ancient traditions, like the inhabitants of the first communities, are common, but like everything that happens in the life of each person, like the wisdom that shapes, regulates and shapes life. It is the originator of everyday life, a means of communication with the surrounding world, and spiritual harmony. Traditions and rituals told about the role of the socio-cultural system in organizing cultural leisure, spiritual enrichment, and education of people of their time

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES**

ӘОЖ 005.954.6 (574)

Д.М. Жақсылықова, Р.Д. Дарибаева, К.К. Толегенова, М.А. Туткабаева
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

**ҚР ӘЙЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ ЖАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Түйін

Қазіргі кезде бүкіл әлемде зейнет жасын көтеру мәселелеріне баса көңіл бөлу өмір жасының ұзаруына байланысты болып отыр. Сондықтан қоғамымыздағы өзекті мәселелердің бірі де осы зейнет жасын көтеру. Адамзат дамуында қоғамның жарымжан және кәрі мүшелеріне көрсетілетін жәрдем түрлері өзгеріп отырды, алғашқы кезде бұл шіркеулерден қайырымдылық түрінде жүргізілсе, кейіннен мемлекетке адал қызметі үшін әскерилерге жалақы түрінде болды. Ақырында бұл адамның бүкіл өмір бойы жинақтаған қаржысын зейнетақы түрінде мемлекеттің кепілдендірілген жәрдемі түрінде жүзеге асты. Зейнетақымен қамтамасыз етудің мәніне талдау жасау үшін, ең алдымен зейнетақы ұғымына анықтама берген жөн деп ойлаймыз. Тарихи дамудың нәтижесінде бұл түсініктің мағынасы өзгеріп, толығып отырды. Алғашқыда ол мемлекетке адал қызметі үшін жалақы мағынасын берсе, қазіргі уақытта қоғамның қарт азаматтарының тіршілік етуінің қажетті көзі болып табылады.

Кілттік сөздер: заң, тарих, азаматтар, әйел, зейнеткер, ерлер, қамсыздандыру, зейнетақы, өмір сүру, психологиялық, физиологиялық.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп бекіткен. Қазақстан Республикасының Конституциясы (28-бап) әлеуметтік қамсыздандыру құқықты келесі түрде бекіткен «Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады» [1].

ҚР-сының «ҚР-да зейнетақымен қамсыздандыру» туралы заңында зейнетақыға келесідей анықтама берілген: «Зейнетақы бұл Орталықтан, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы» [2].

Еліміздегі халықты зейнетақымен қамтамасыз ету 1998 жылғы 1 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы бойынша тағайындалады. Бұл заңға уақыт өте келе өзгерістер жасалуда. Атап айтқанда, осы заңның 11 бабына сәйкес әйелдер үшін зейнеткерлік жас 2027 жылға дейін 10 жыл ішінде жыл сайын 6 айға көтеріледі. Бұл өзгеріс реформалардың ішінде ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы өзгерістерге сәйкес, ҚР әйел азаматтарының зейнетке шығу жасына ерекше көңіл бөлу қоғам қажеттілігінен туындап отыр. ҚР әйел азаматтарының зейнетке шығу мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай экономика, саясаттану, әлеуметтік жұмыс ғылымдарының зерттеу нысаны болып табылады.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің мәніне талдау жасау үшін, ең алдымен зейнетақы ұғымына анықтама беру қажет.

Күнделікті өмірде әрбір адам денсаулығының және тіршілік етуінің негізгі көзі жалақының жойылуына байланысты әр түрлі жағдайларға душар болуы мүмкін. Бұл жағдайларға мыналар жатады: кәрілік, мүгедектік, науқасқа шалдығу, асыраушысынан айрылу және т.б. Оларды көп жағдайда өздігінен жеңу мүмкін емес, сондықтан олар әлеуметтік-экономикалық талаптармен анықталғандықтан және өндірістік іс әрекетпен тығыз байланысты болғандықтан жеке адамның еркіне тәуелсіз болып келеді. Адамзат дамуында қоғамның жарымжан және кәрі мүшелеріне көрсетілетін жәрдем түрлері өзгеріп отырды, алғашқы кезде бұл шіркеулерден қайырымдылық түрінде жүргізілсе, кейіннен мемлекетке адал қызметі үшін әскерилерге жалақы түрінде болды. Ақырында бұл адамның бүкіл өмір бойы жинақтаған қаржысын зейнетақы түрінде мемлекеттің кепілдендірілген жәрдемі түрінде жүзеге асты. Алғашқы мемлекеттік зейнетақы жүйесі Германияда князь Отто фон Бисмарктің реформасы негізінде пайда болды. Реформа алғашқы кезде науқастарға және мүгедек адамдарға қаржылық көмек ретінде жүргізілсе (1883-1888жж) кейіннен 1889 жылдан бастап жалпы зейнетақымен қамтамасыз ету жүзеге аса бастады. Өткен ғасырдың зерттеушілері қарт адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелерін әртүрлі қарастырды. Либералды рыноктық экономиканың жақтаушылары әрбір индивид өзінң өміріне қор жинау арқылы лайықты қарттық шағын өзі қамтамасыз етуі тиіс деген пікірде болды. Ал кейінсиандықтар керісінше жеке жинақтардан бөлек қарт адамдарға мемлекеттің есебінен зейнетақы және басқа да әлеуметтік төлемдер түрінде жәрдем көрсетілуі қажет екенін айтты. Әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуына сүбелі үлес қосқан 20 ғ көрнекті экономистері Джон Мейнард Кейнс, Милтон Фридман, Франко Модильяни, Моррис Алле және тағы басқалар болды. Зейнетақымен қамтамасыз етудің мәніне талдау жасау үшін, ең алдымен зейнетақы ұғымына анықтама беру қажет. Жалпы зейнетақы ұғымы (лат. Pensio) төлем деген мағынаны береді. Тарихи дамудың нәтижесінде бұл түсініктің мағынасы өзгеріп, толығып отырды. Алғашқыда ол мемлекетке адал қызметі үшін жалақы мағынасын берсе, қазіргі уақытта қоғамның қарт азаматтарының тіршілік етуінің қажетті көзі болып табылады. Қазіргі уақытта зейнетақының мәнін талдаудың бастапқы кезінде қызмет ететін жалпы қабылданған зейнетақы анықтамасы жоқ. Дегенмен де экономикалық әдебиеттерде кездесетін зейнетақы анықтамасына сәйкес келетін негізгі пікірлерді көрсетіп кетуге болады. Зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше қызығушылық және осыдан шығатын зейнетақы түсінігі ғылыми зерттеу пәні ретінде біршама ертерек пйда болды. Енді зейнетақы туралы кейбір шетел экономистерінің анықтамаларына көз жүгіртсек: Дж. Кейнс зейнетақыны халықтың өзінің қарттық шағын қамтамасыз ету үшін жинаған жеке жинақтары және сонымен қатар мемлекеттің зейнеткерлік жасқа жеткен кезде азаматтарға төленетін белгілі бір ақша суммасы деп түсінді. К. Маркс қоғамдық қорлар құрамында еңбекке қабілетсіздер үшін тұтыну қорларын атап көрсетті. Тұтыну қорларының қызметі азаматтарға қарттық шағында, мүгедек болған жағдайда және жұмыс істеу қабілетінен айрылған жағдайда төленетін ақша төлемдері [3].

Менің ойымша келесі анықтама зейнетақының мәнін толығымен ашып көрсететін сияқты: «Зейнетақы-бұл адам өмірінде белгілі бір жағдайлар болған кезде яғни зейнеткерлік жасқа жеткен кезде, қажетті еңбек өтілі болғанда, мүгедек болған жағдайда, асыраушысынан айрылған кезде, жұмысшылардың белгілі бір категорияларына байланысты көп жылғы сіңірген еңбегі үшін азаматтарға заңды негізде төленетін белгілі бір ақша суммасы».

Ерлердің зейнетке шығу жасы – 63 жасты, әйелдер үшін – 59 жасты құрайды (2019 жылы). "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" ҚР Заңының 11-бабына сәйкес әйелдер үшін зейнеткерлік жас 2027 жылға дейін 10 жыл ішінде жыл сайын 6 айға көтеріледі.

Әйелдердің зейнеткерлік жасының кезең-кезеңмен көтерілуі:

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа толғанда;
- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 63 жасқа толғанда.

Осылайша, бұл 1960-1964 ж.ж. туған әйелдерге қатысты болады.

Бұдан ерте жаста шығу келесі адамдар үшін қарастырылған:

1) 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейін (5 жылдан кем емес) экологиялық қауіп аймақтарында тұрған, Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар жүргізудің салдарынан зардап шеккен азаматтар;

- ерлер – 50 жасқа толғанда;
- әйелдер – 45 жасқа толғанда.

2) 5 және одан астам бала туған немесе асырап алған және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер, 53 жасқа толғанда.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушы әйелдер үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде зейнетақы аннуитетін сатып алған жағдайда 51 жаста жинақтаушы зейнетақы жүйесінен зейнетақы төлемдерін тағайындау құқығы сақталды [4].

Әрине, әлем бойынша әйел азаматтарының ұзақ өмір сүру орта жасы өсіп отыр, алайда шетелдердік зейнетке шығу жүйесін елімізге енгізу үшін ең алдымен әйел азаматтарының психологиялық, физиологиялық тұрғыдан жұмысқа қабілеттілік деңгейін анықтау қажет. Мысалы, шетелдерде әйел азаматтар өздеріне уақытты жеткілікті түрде бөліп, демалысты, бос уақытты тиімді ұйымдастырады, көп балалы аналар ол жақта жоқтың қасы.

Адамның миы 43 жастан бастап қартайды. Кезекті зерттеуінің барысында ғалымдар осындай тоқтамға келді. Адамның ойлау қабілеті қарт кезінде емес, дәл осы шақта төмендей бастайтынын анықталды. Тәжірибені өткізу үшін 40-70 жас аралығындағы 7 мың ерікті азамат шақырылды. Олар сауалнама парағының сұрақтарына жауап беріп, бас миының зерттеуінен өткен. Оның қорытындысында адамның ақыл-ой қабілеті 43 жаста төмендей бастайтынын анықталған. 45 жасқа келген қатысушылардың 60 пайызы ақпаратты жарым-жартылай ұмыта бастаса, 50 жастағылар үшін өздері сөйлескен адаммен әңгіменің мәнін ұғыну қиын болды. Бұл ретте ер адамдар әйелдерден гөрі бас миының белсенділігін тезірек әрі ертерек жоғалтады екен, деп хабарлайды Svopri порталынан. Мамандар мұны әйелдердің жауапкершілігінің жоғарылығымен, ми жұмысының белсенділігін төмендетуге жол бермейтін қызметінің көп болуымен байланысты екендігімен түсіндірді. Нәтижесінде білім беру, денсаулық сақтау секілді аса жауапкершілік пен мұқияттылықты талап ететін маман иелерінің атқарып жатқан қызметінің сапасы төмендейді. Осының салдарынан басқада әлеуметтік мәселелердің туындауына алып келеді [5].

Ғалымдардың анықтауы бойынша, шамамен 35 жастан бастап адам ағзасындағы деструктивті үдерістер біртіндеп қалпына келтіруден бас тартады. Американдық ғалымдар ұзақ уақыт бойы әртүрлі зертханалық зерттеулер жүргізіп, адамның қартаюы басталатын жасын анықтауға тырысты. Зерттеу нәтижесінде олар жынысына, өмір салтына немесе салмағына қарамастан 39 жастан кейін қартай бастайды деген қорытындыға келді. Осы жас шептен өткеннен кейін ағзада миелінді өндіруді тоқтату процесі басталады. Миелін өндірудің азаюы ағзаның қозғалыс және когнитивті функцияларының әлсіреуін тудырады және адам қартаюы басталады. Көптеген адамдарда жүрек қантамыр жүйесі, асқазан-ішек жолдары, эндокриндік жүйелердің және басқа да қызметіндегі елеулі өзгерістер 45-55 жасында орын алады. Шамамен осы жаста әйелдерде климактериялық кезең келеді,

ерлерде кейінірек болады. Бұл ретте өсуге, зат алмасуға және репродуктивтілікке әсер ететін гормондарды шығаратын гипофиздің кейбір функциялары көптеген адамдарда қарттыққа дейін жұмыс істеуін жалғастыруда. Әрбір адамның қартаюының жеке ерекшеліктері, оның белгілері, синдромдары мен қарқыны ағзаның биологиялық ұйымдасуының алдын ала анықталған ерекшеліктерімен, өмір сүру жағдайлары мен салттарымен байланысты. Осылайша, ағзаның жалпы қартаюы жасушалардың қартаюынан, тіндердің қартаюынан және ағзаның физиологиялық жөнелту жүйелерінің қартаюынан туындайды. Нәтижесінде бұл фатальді гипоксияға, негізгі тотығу алмасуының бәсеңдеуіне, әсіресе оттегі – жүрек, бас ми, бауыр және бүйрек ауруларына алып келеді. Сол себепті әйел азаматтары немерелерімен айналысып, соларға уақыт бөлуі қажет. Көптеген қазақстандық әйелдер ауыр өнеркәсіпте жұмыс істейді және сонымен бірге үй шаруасымен айналысады, бұл бүкіл отбасы үшін жайлылық пен жылулықты қамтамасыз етеді. Яғни, әйелді тек өзінің зейнетақысын алуға міндетті қызметкер ретінде қарастыруға болмайды.

Зейнетақы – бұл немерелер өсіру және ұрпақтар сабақтастығын сақтау үшін төленетін жалақы. Зейнетке шығу жасы КСРО-да адамның биологиялық мүмкіндіктеріне негізделіп есептелді. 55 жастан кейінгі әйел және 60 жастан асқан ер адам жыныстық гормондарды өндіруді тоқтатуға байланысты жұмыс істей алмайды. Ұйықтағаннан кейін денесі 8 сағаттық ұйқыдан кейін қалпына келтірілмейді, дененің біртіндеп теңгерімсіздігі байқалады, ол 10-15 жылға созылады, бұл өмір сүру уақыты. 60 жастан кейін адам әлі де өмір сүре алады, бірақ бұдан былай жұмыс істей алмайды. Көптеген адамдардың зейнетке шығу жасын көтеру қабірге ерте жетелейді. И.В.Сталин ағамыздың зейнетке ерте шығу жасы туралы айтқан ойымен толықтай келісеміз.

Осы мақаланы жазу барысында әйел азаматтарға сауалнама жүргіздік. Сауалнама сұрағы: «Сіз әйел азаматтарының денсаулығына байланысты зейнетке 55 жаста шығуы туралы заңға өзгерту енгізілгенін қолдайсыз ба?». Сауалнамаға мектеп мұғалімдері, ЖОО оқытушылары, медицина қызметкерлері, балабақша тәрбиешілері, әлеуметтік орталық қызметкерлері және әкімшілік басқару саласы қызметкерлері қатысты. Әр саладан 20 қатысушыдан жалпы саны 120 адамнан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесін төмендегі кестеде көрсеттік:

Кесте-1. Сауалнама нәтижесі.

<i>Қатысушы мамандық салалары</i>	<i>Қолдағандар</i>	<i>Қолдамағандар</i>	<i>Бейтарап қалғандар</i>	<i>Қолдағандар пайызы</i>
мектеп мұғалімдері	17	2	1	85%
ЖОО оқытушылары	15	3	2	75%
медицина қызметкерлері	15	4	1	75%
балабақша тәрбиешілері	18	2	0	90%
әлеуметтік орталық қызметкерлері	19	1	0	95%
әкімшілік басқару саласы қызметкерлері	13	4	3	65%
Барлығы	97	16	7	81%

Сауалнамадан байқағандарыңыздай жалпы әйел азаматтардың 81%-ы 55 жаста

зейнеткерлікке шығуды қолдайтындарын жеткізген. Зерттеу қорытындысына сүйене отырып, халықтың да көп бөлігі ертерек зейнеткерлікке шыққысы келетіні анық байқалатынын дәлелдейді.

Әлбетте, жұртшылық зейнет жасының төмендегенін қалайды. Қарапайым тұрғындардың айтуынша, қазіргі 58 жас былай тұрсын, бұрынғыдай 53 жастың өзі ауырлық етеді деген пікірде. Өйткені жасы ұлғайған адамға біздің қоғамда жұмыс табыла бермейді. Бұл ең басты қиындық. Әсіресе жалғызбасты әйелдердің жағдайында отбасын асырау, бала-шағаның керек-жарағын қамтамасыз ету үлкен ауыртпалық салады. Ал жалақыны күреп табатын жерлерде жұмыс істейтін – негізінен жас мамандар. Және елімізге жаңа қарқын, леп әкелетін жастарға орын да аз болады. Адам 50 жастан соң ақпаратты қабылдау қабілеті екі есеге дейін төмендеп, жаңа технологиялар мен инновацияларды қабылдау, үйрену, қолдануы қиынға соғады. Ал ғылыми техникалық революция заманында жұмыс барысында жаңаша әдістерді, инновацияларды қолдану өте тиімді. Ал орта жастан асқан мамандар күнделікті бірқалыпты сарында жұмыс жасауға дағдыланған.

Зерттеулерге сүйене отырып, әйел азаматтарының ортақ зейнетке шығу жасын 55 жас деп бекітуді ұсынамыз. Себебі, белсенді өмір қызметтілігі қартаң адамдарда хронологиялық аурулар күшінде төмендейді, естудің, көрудің нашарлауы, ортопедикалық проблемалар бар болады. Сонымен қатар тек физиологиялық жағынан емес, моральдық тұрғыдан да мәселелер туындап жатады. Осы орайда әлеуметтік мекемелердегі яғни, әлеуметтік бейімдеу, оңалту, түзету орталықтарындағы қызметкерлердің соның ішінде тәрбиеші, психолог, педагог, дәрігерлердің жұмыстары өте ауыр екендігін айтқымыз келеді. Бұл қызметкерлер түрлі жағдайдағы балалармен, ересектермен оның ішінде мүгедектермен, тәртібі қиын балалармен, нашақор мен ішімдікке салынған адамдармен, қарттармен жұмыс жасаған соң, олардың жүйке жүйесі мен физиологиялық денсаулығы салыстырмалы түрде 55 жастан соң айтарлықтай төмендейді. Ал ол кісілер осы жастан соң зейнеткерлікке жету мақсатында жұмыс істеуге мәжбүр болады. Бұның әсерінен еңбек өнімділігі төмендеп, жұмысының сапасы нашарлайды. Осыған орай, 55 жасында зейнетке ең төменгі зейнетақымен және еңбек өтіліне байланысты шығады. Ал әріқарай жұмыс жасаймын деген ерікті азаматшалар арнайы сараптамалардан өтіп, жұмысқа қабілет деңгейі стандарттарға сай болған жағдайда, 60 жасқа дейін жұмыс жасауға рұқсат етіледі. Және сол 60 жасында зейнетке шыққан соң алып жүрген зейнетақысына жинақтаған зейнетақысы қосымша төленеді.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы. Алматы: Юрист, 2009, 40 б.
2. ҚР-сының «ҚР-да зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңы.
3. Экономическая теория // Под. ред. Грязновой. М.: Наука, 1989, 550 с.
4. Egov Мемлекеттік қызметтер және ақпарат онлайн порталы https://egov.kz/cms/kk/articles/pension/pensionnaya_sistema
5. Ғалымдар: Мидың қартаюы 43 жастан басталады. Мына сілтемеде: https://www.inform.kz/kz/galymdar-midyn-kartayuy-43-zhastan-bastalady_a2779134 (7 наурыз 2020 ж.).
6. Холостова Е.И., Дементьева Н.Ф. Социальная реабилитация: Учебное пособие – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2002. –205 с.
7. Яцемирская Р.С., Беленькая И.Г. Социальная геронтология. М.: ВЛАДОС, 2003., 23 с.

Аннотация

В настоящее время, повышенное внимание во всем мире отводится пенсионному возрасту, это связано с увеличением продолжительности жизни. Поэтому, повышение пенсионного возраста - одна из самых актуальных проблем в нашем обществе. В ходе человеческого развития виды помощи пожилым изменились, сначала в виде благотворительной помощи от церквей, а затем в виде зарплаты военным за верную службу государству. В конечном итоге это было реализовано в виде

гарантированной государственной помощи в виде пенсий, что спасло человеку жизнь в приклонном возрасте. Для того чтобы, проанализировать сущность пенсий, прежде всего, следует определить понятие пенсии. В результате исторического развития значение этого понятия изменилось и расширилось. Изначально это была зарплата за честное служение государству, но сейчас это необходимый источник средств к существованию для пожилых людей.

Abstract

Currently, increased attention all over the world is given to the retirement age, this is associated with an increase in life expectancy. Therefore, raising the retirement age is one of the most pressing problems in our society. In the course of human development, the forms of assistance to the elderly have changed, first in the form of charitable aid from churches, and then in the form of salaries to the military for faithful service to the state. Ultimately, this was realized in the form of guaranteed state aid in the form of pensions, which saved a person's life in old age. In order to analyze the essence of pensions, first of all, the concept of a pension should be defined. As a result of historical development, the meaning of this concept has changed and expanded. Initially it was a salary for honest service to the state, but now it is a necessary source of livelihood for the elderly.

ӘОЖ 005.957.6 (562)

М.Ү. Қараева, Р.Д. Дарибаева, К.К. Толегенова, Е.С. Ауесбаев

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚАРТТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖАРТЫЛАЙ СТАЦИОНАРЛЫҚ ГЕРОНТОЛОГИЯЛЫҚ МЕКЕМЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Түйін

Бүгінгі қоғамда отбасынан бөлек тұратын қарттарымыз да бар және осыған байланысты жалғыздыққа және кез-келген қиындықтарға төтеп бере алмай жатады. Егер бұрын қарт адамдарға жауапты отбасы болатын болса, ал қазір бұл жауапкершілік мемлекеттің және жергілікті органдардың және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының құзіреттілігінде. Қарт адамдардың проблемалары ең алдымен әлеуметтік және медициналық болып бөлінеді. Бұл бөлу формасына байланысты. Бұл екі прблема да өркениетпен, мәдеиетпен бірге пайда болады. Көптеген зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғанындай қарт адамдарда медициналық проблемалардың ішінде мына проблема түрлеріне көптеп шалдығып отырады: жүру, көздің нашарлауы, өзін-өзі күту, ойлау және интеллектуалды қабілеттіліктері. Қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді басқа жастағыларға қарағанда баяу қабылдайды. Медициналық деректерге сәйкес қарт адамдар дәрігерлерге 1,5 есе көп шағым түсіреді.

Кілттік сөздер: қарттар, бос уақыт, геронтология, әлеуметтік, оңтайландыру, көмек, қызмет, күтім, стационар, бейімделу, медициналық, гуманитарлық, психологиялық.

Егер біздің елде халықтың шамамен 8,1% -ын егде және қарт адамдар құрайтынын ескерсек, халықтың жалпы массасындағы қарттар мен егде адамдар үлесін арттыру тенденциясы жалғасатын болса, қарттармен әлеуметтік жұмыс мәселесі өзекті және ұлттық мәнге ие болатындығы айқын болады. Соңғы онжылдықтарда әлемде халықтың едәуір қартаюы байқалуда. 2030 жылға қарай Қазақстанда 60 жастан асқан адамдардың үлесі 11,2% құрайды деп күтілуде. Бұл демографиялық процестің терең әлеуметтік және экономикалық салдары бар, ол бүгінде аға буынның мәселелерімен айналысатын ғалымдар мен практиктер үшін бірқатар жаңа міндеттер туғызуда.

Қартайған кездегі дамудың әлеуметтік жағдайы қоғамның өндірістік өміріне белсенді қатысудан - зейнеткерлікке шығумен байланысты. Бұл таңдау сәті кейінгі жаста кәрілікке, кәсіби ұтқырлыққа бейімделу стратегиясын анықтайды (З. Григорьев, Т. Смирнова). Г. Абрамова, Н. Косинская, П. Маккавейский, З. Френкель, Э. Фрииз, М. Хвиливицкая қарттардың ресурстары мен жұмыс қабілеттілігін белсендіру идеяларын дамытып жатыр. Бұл зерттеулер жасқа бейімделудің жүйені құраушы факторын - адамның әлеуметтік белсенділігін, оның ішінде қарттардың кәсіби салада өзін-өзі тануын, жинақталған кәсіби тәжірибені, ресурстарды оңтайлы пайдалану мүмкіндіктерін қоса алғанда: Б.А.Войцеховский, В.С.Коган, Г.Мил, П.Мил- зерттеудің негізін қалады. Хол, М.Сонин, Е.Стеженская, С.Форсман. Е.Андреевтің логикасына сүйене отырып, ғылымдағы, білімдегі, мәдениеттегі адами ресурстарды, адами капиталды дамытудың ерекше маңыздылығын атап өтеміз. Біз П.Бурдиенің әдіснамалық маңызды идеяларына сүйенеміз, оған сәйкес қазіргі қоғамда қарттарға әділетсіздік зор қуатты дискриминациялық күш болып табылады және тарихи, әлеуметтік, психологиялық және идеологиялық өлшемдерде күрделі, бірақ жасырын құбылыс ретінде көрінеді, ол егде жастағы адамдардың дискриминациялық мәртебесін ғана құрмайды, сонымен қатар, әдетте, әлсіздерге қатысты дискриминациялық қатынасты тәрбиелейді [1].

Күндізгі стационарға бару қарт адамдарға бос уақытын тиімді, әрі пайдалы өткізуге, медициналық көмек алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың өзіне деген сенімін және қоғам үшін маңыздылығын күшейтеді. Осылайша, қарт адамдармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың мәні, ең алдымен, қолайлы жағдайларды, пайдалы байланыстарды қалыптастыруға, қарт адамдардың ерекше әлеуметтік топ ретінде қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оларға лайықты қолдау көрсету үшін жақсы атмосфераны құруға көмектесетін орталықтар мен әлеуметтік қызмет көрсету екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Әлеуметтік жұмыс сонымен бірге елеулі әлеуметтік күшке айналатын «үшінші жас» азаматтарының оң әлеуетін анықтауға, жинақталған практикалық тәжірибені бағалауға, ұлттық саясат пен әлеуметтік бағдарламаларды қартаюға бейім халықтың қажеттіліктеріне жақындатуға көмектеседі.

Бүгінгі қоғамда отбасынан бөлек тұратын қарттарымыз да бар және осыған байланысты жалғыздыққа және кез-келген қиындықтарға төтеп бере алмай жатады. Егер бұрын қарт адамдарға жауапты отбасы болатын болса, ал қазір бұл жауапкершілік мемлекеттің және жергілікті органдардың және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарының құзіреттілігінде. Қарт адамдардың проблемалары ең алдымен әлеуметтік және медициналық болып бөлінеді. Бұл бөлу формасына байланысты. Бұл екі прблема да өркениетпен, мәдеиетпен бірге пайда болады. Көптеген зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғанындай қарт адамдарда медициналық проблемалардың ішінде мына проблема түрлеріне көптеп шалдығып отырады: жүру, көздің нашарлауы, өзін-өзі күту, ойлау және интеллектуалды қабілеттіліктері. Қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді басқа жастағыларға қарағанда баяу қабылдайды.

Қызметтерге ақы төлеудің қазіргі өсуімен бұрынғы координаттарда тұратын егде жастағы адамдар кемсітушілікке ұшырады, олар орын алған қымбат молшылыққа қол жеткізе алмады. Гигантты дифференциация және байлардың тар шеңберін айқын тұтыну аясында зейнеткерлер санаты 1990 жылдары екі себеп бойынша кедейлер тобына айналды: не зейнетке негізгі тауарларды сатып алудың қол жетімсіздігі (абсолюттік кедейлік), немесе өмірдің заманауи сапасына ие болу мүмкіндіктерінің айқын теңсіздігі (салыстырмалы кедейлік).

Нәтижесінде жағымсыз әлеуметтік жағдай қалыптасты: дамыған елдермен салыстырғанда төмен, ал ішінара бірқатар дамушы елдермен, қарттардың өмір сүру ұзақтығы және елдегі демографиялық дағдарысқа әсер ететін өлім-жітім. Ал әзірге, тіпті зейнетақымен қамсыздандырудың едәуір өсуін ескере отырып, көбінесе жаңа шындыққа бейімделе отырып, зейнеткерлер халықтың қалған бөлігімен салыстырғанда өздерінің құқықтарын бұзушылықтарды сезінуде, бұл олардың өмірді атап өту кезінде өздерінің қаржылық

мүмкіндіктерін өздері бағалауынан көрінеді. Мысалы, 2010 жылы кедей халықтың 28% -ында тіпті тамақ алуға, 54% -ында өндірістік тауарлар сатып алуға және тұрғын үйге ақша төлеуге ақша жетіспеді [2].

Қарт адамдардың демалысын ұйымдастырудың нәтижелі формаларын теориялық әдістемелік жақтарын әзірлеу олардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін түсінуді және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Біздің бақылауымыз бойынша, демалыс белсенділігі сипаты мен деңгейі мына факторларға байланысты болып келеді: 1) Денсаулығы мен психологиялық белсенділігі жағдайы; 2) әлеуметтік жағдайы (жалғыздіктілігі, балаларымен бірге тұруы); 3) материалды қамтылуы мен табыс мөлшері; 4) мәдениеті мен білім деңгейі; 5) мінез-құлық ерекшеліктері.

Социологиялық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген социологиялық зерттеулер бар, олар кейінгі жас өкілдерінің өмірінің әр түрлі салаларында жұмысты жалғастырудың он әсерін көрсетеді.

Ғылыми экономикалық әдебиеттерде жұмыс істейтін зейнеткерлердің проблемалары жеткіліксіз дамыған.

Демек, зейнетақы реформасының нәтижелерін және оның зейнеткерлік жастағы адамдардың экономикалық қызметіне әсерін бағалауға сандық көзқарас егде жастағы адамдардың өмір сапасымен байланысы тұрғысынан ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады деген қорытынды жасауға болады. Мұндай зерттеулер олардың жағдайын жақсарту жоспарларын құру және зейнетақы заңнамасын жетілдіру стратегиясын құру үшін маңызды [3].

Қарт адамдарды адресті қорғау Қазақстанда айтарлықтай дағдарысты жағдайда. Ол біріншіден ең көп қажетсінулерге: жалғыз басты зейнеткерлерге, мүгедектерге, 80 жастан жоғарыларға көрсетіледі.

Біздің елемізде 2003 жылдан бастап, құрамына үйде әлеуметтік көмек көрсетумен қатар, тіпті жаңа бөлімдер күндіз келіп кететін бөлімдер кіретін зейнеткерлерге қызмет көрсету орталығы деп аталатын орталықтар ашыла бастады.

Мұндай бөлімдерді ұйымдастырудың мақсаты – жанұясымен бірге тұратын немесе жалғызбасты қарттардың қолы бос кездеріне арналған өзіндік орталықтар жасау. Мұндай бөлімдерге адамдар таңертең келіп, кешке үйлеріне қайтады деп қарастырылған: олар күні бойы жайлы ортада болуға, қарым-қатынас жасауға, уақытты мағыналы өткізуге, әртүрлі мәдени іс-шараларға қатысуға, бір мезгіл тамақ және керек болған жағдайда дәрігерге дейінгі медициналық көмек алуына мүмкіндік алады.

Мұндай бөлім қызметтерінің негізгі тапсырмасы қарт адамдарға жалғыздықты өткеруіне, тұйық өмір сүру салтына, жаңа мағыналардың пайда болуына, белсенді өмір сүруінің қалыптасуына көмектесу болып табылады.

Қарттардың бос уақытын ұйымдастыратын жартылай стационарлық геронтологиялық мекеме қызметінің мазмұны

Шымкент қаласы әкімдігінің «Асыл жүрек әлеуметтік-медициналық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

Мемлекеттік мекеме 2019 жылғы 19 наурыздағы №233 Шымкент қаласы әкімдігінің қаулысымен құрылды. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Шымкент қаласы әкімдігі болып табылады.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні - бюджет есебінен арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты – жартылай стационарлық жағдайда:

1) егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға (бұдан әрі – қарттар) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

2) «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтар, өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын және денсаулық жағдайына байланысты жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж қарттар үшін тәуліктің күндізгі 10 сағат уақытында арнаулы әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсетілуі қажет [4].

Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қызмет алушыларға осы стандартқа сәйкес сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын өткізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы жан-жақты көмек көрсету;

2) қызмет алушылар мен оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қызмет көрсетудің көлемі мен түрлері туралы хабардар ету;

3) еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру және персоналдың біліктілігін арттыру;

4) қызмет алушыларды қабылдау және олардың сырқатын, жай-күйінің ауырлығын, жасын ескере отырып орналастыру, оларды жаңа жағдайға бейімдеу жөнінде іс-шаралар өткізу;

5) қызмет алушылардың жеке басына қол сұғылмаушылық пен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасау;

7) қызмет алушыларға осы стандартқа сәйкес әлеуметтік-оңалту іс-шараларын өткізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы жан-жақты көмек көрсету;

8) қызмет алушыларға әлеуметтік, медициналық және кәсіптік оңалту жүргізу;

9) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес өзге де функциялар болып табылады.

Кесте 1. Орталық қызметінің мазмұны

№	Көрсетілген қызмет түрі	Уақыты	Орындалуы
1	Медициналық – әлеуметтік тексеру	Күн сайын	Терапевт дәрігері, кардиолог дәрігері, невролог дәрігері, массаж жасау жөніндегі мейіргерлері қызмет алушыларға жеке кеңес беру (қан қысымын өлшеу, тренажерлық залда қызмет алу уақытынынан аспау); Дәрігерге дейін көмек көрсету; уқалау – сипалау жұмыстарын; қызмет алушыларды тоқсандық динамикалық есепке алу қызметтерін көрсету.
